

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖАЛПЫ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 26 сәуір

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Е.Ж. ҚОШАНОВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Құрметті депутаттар, баршаңызды тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Жұмысымызды бастау үшін қажетті кворум бар. Мәжілістің жалпы отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сол бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда күн тәртібін дауысқа қоямын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 93, «жақтағандар» – 92, «дауыс бермегендер» – 1. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, енді күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға көшейік.

Бірінші мәселе «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде кредиттік тарихтың құрамына кіретін мәліметтер алмасу тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Аталған заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрайымы Әбілқасымова Мәдина Ерасылқызына беріледі.

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде кредиттік тарихтың құрамына кіретін мәліметтер алмасу тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасы ұсынылып отыр.

Келісім Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2019 жылғы 1 қазандағы шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ қаржы нарығын қалыптастыру тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде әзірленді.

Келісімнің мақсаты – Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде кредиттік тарихтың мәліметтерімен трансшекаралық алмасу үшін жағдай жасау.

Осы келісім 2021 жылғы 21 желтоқсанда жасалды.

Келісім кредиттік есептермен трансшекаралық алмасу тәртібін және берілетін ақпараттың тізбесін айқындайды. Мұндай ақпаратқа кредиттік есепті ұсыну туралы

сұрату, кредиттік тарих субъектісінің келісімі, кредиттік есептің өзі, сондай-ақ кредиттік тарихты дауласуға қатысты құжаттар жатады.

Келісім талаптары бойынша кредиттік есептермен трансшекаралық алмасу міндетті түрде жеке немесе заңды тұлғаның келісімімен жүзеге асырылады. Бұл ретте осындай ақпарат кредиттік қатынастарды ресімдеу немесе мониторингтеу мақсатында ғана беріледі.

Келісім шеңберінде кредиттік есептермен трансшекаралық алмасу уәкілетті ұйымдардың шектеулі тізімі арқылы жүзеге асырылады. Қазақстанда осындай уәкілетті ұйымдарға екі кредиттік бюро кіреді, бұл – «Мемлекеттік кредиттік бюро» және «Бірінші кредиттік бюро». Одақтың басқа елдерінде уәкілетті ұйымдарға – Ресейде алты кредиттік бюро, Қырғыз Республикасында екі кредиттік бюро, Армения мен Беларусьте бір кредиттік бюродан кіреді.

Кредиттік есептермен трансшекаралық алмасу үшін уәкілетті ұйымдар бір-бірімен тиісті шарттар жасауы тиіс. Мұндай шарттарда ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті, берілетін деректер құрамы, электрондық мәліметтер форматы, сондай-ақ дауларды реттеу рәсімі болуы тиіс.

Аталған шарттар міндетті түрде қаржы нарығын реттеушілермен келісілуі тиіс.

Бұдан басқа, қаржы нарығының реттеушілері кредиттік тарихты пайдаланушылардың тізбесін, яғни кредиттік есептерді алуға уәкілетті банктердің және өзге де кредиттік ұйымдардың тізімін қалыптастырады.

Келісімде барлық тараптардың, уәкілетті ұйымдардың және кредиттік тарихты пайдаланушылардың трансшекаралық алмасу шеңберінде ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеті белгіленген.

Еуразиялық экономикалық комиссия қаржы нарығын реттеушілермен бірлесіп трансшекаралық алмасу кезінде пайдаланылатын стандарттарға, техникалық хаттамаларға, нормативтік-анықтамалық ақпаратқа, берілетін деректердің форматтары мен құрылымдарына қойылатын талаптарды әзірлеуі тиіс.

Өткен жылы келісім Арменияда, Беларусьте және Қырғыз Республикасында ратификациялау процесінен өтті. Бұл ретте ұлттық заңнаманың нормаларына байланысты Ресей Федерациясында келісімді ратификациялау талап етілмейді.

Келісімді іске асыру үшін агенттік заңнамалық актілерге түзетулер жобасын әзірледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте трансшекаралық алмасу кезінде заңнама талаптарын бұзғаны үшін кредиттік бюролар мен кредиттік есептерді алушылардың әкімшілік жауапкершілігін көздеу ұсынылады.

Кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңда кредиттік тарих мәліметтерімен трансшекаралық алмасу талаптарын, берілетін ақпараттың тізбесін, сондай-ақ кредиттік бюролардың алынған деректерді қорғау міндетін айқындау ұсынылады.

Түзетулер жобасы заңнамада белгіленген тәртіппен Парламент Мәжілісіне енгізілетін болады.

Құрметті депутаттар, сіздерге заң жобасын Парламент Мәжілісіндегі комитеттерде және жұмыс топтарында қарау барысында нәтижелі жұмыстарыңыз үшін алғыс айтуға рұқсат етіңіздер.

Заң жобасын қабылдау үшін мемлекеттік бюджеттен қосымша қаржы шығындары талап етілмейтінін ескертеміз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Баяндама аяқталды. Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз.

Депутат Сүлейменова Жұлдыз Досбергенқызы.

СҮЛЕЙМЕНОВА Ж.Д. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Мәдина Әбілқасымоваға.

Құрметті Мәдина Ерасылқызы! Қаралып отырған келісімде бір мемлекеттің азаматтары екінші мемлекеттің қаржылық институттарына жүгінген кезде осы азаматтардың кредиттік тарихымен алмасуға мүмкіндігі қарастырылып отыр. Әрине, бұл қажетті норма, қажетті шара деп білеміз.

Интернеттегі алаяқтықты азайтуға байланысты былтыр депутаттардың бастамасымен Қазақстан Республикасының заңнамасында қаржы ұйымдарының кредиттік бюроға ақпаратты беру мерзімі 15 жұмыс күнінен 1 жұмыс күніне дейін азайтылған болатын. Бұл бір уақытта бірнеше қаржы ұйымдарынан кредит алу мүмкіндігін болдырмауға септігін тигізген шара болды. Енді осы тұрғыдан бір нақтылайтын сұрақ бар.

Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы мемлекеттерде дәл осындай шара қарастырылған ба? Егер қарастырылмаған болса, қазақстандық тарап дәл осындай шараны енгізуді талап ете ала ма? Өйткені келісім ратификацияланғаннан кейін ондағы барлық қолданылатын шарттар бірдей болуы қажет. Соны нақтылап алғымыз келеді. Рақмет.

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Қазіргі кезде Еуразиялық экономикалық одақ елдерінде кредиттік бюроларға қарыз туралы ақпараттың берілетін мерзімі әртүрлі. Мысалы, Ресей, Армения және Беларусьте бұл мерзім үш жұмыс күнін құрайды, ал Қырғыз Республикасында бес жұмыс күні.

Келісімде бұндай өзгерістер көзделмеген. Кредит туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беру мерзімі ұлттық заңнамаға сәйкес болады. Бірақ бұл тәуекелдердің өсуіне әкеп соқпайды. Біздің мәліметіміз бойынша қазіргі уақытта қарыз алушылардың саны және қарыз көлемі онша көп емес. Ұлттық Банктің деректері бойынша Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен қарыз алушылардың саны 1 мың 869 адамды құрайды, берілген кредиттер көлемі 8,8 миллиард теңгені құрайды. Қарыз алған заңды тұлғалардың саны 42, оларға берілген кредит көлемі қазір 110 миллиард теңгені құрап отыр.

ТӨРАҒА. Депутат Нұртаза Самат Русланұлы.

НҰРТАЗА С.Р. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Мәдина Ерасылқызы! Қаралып отырған келісімнің 6-бабының 1-тармағында уәкілетті органдар, ұйымдар мен кредит тарихын пайдаланушылар трансшекаралық алмасу соған қатысты жүзеге асырылып жатқан ақпаратты өңдеу, сақтау және беру кезінде оны қорғауды қамтамасыз етуге міндетті деп көзделген.

Сонымен бірге, өздеріңіз білетіндей, біздің елдің де, басқа елдің де нақты практикасында алаяқтар азаматтардың деректерін қылмыстық мақсатта пайдаланып жатқаны кездеседі. Мен бұл жерде олардың кредиттік мекемелердің қызметкерлері арасынан сыбайластарының көмегі орын алуы мүмкін екенін жоққа шығармаймын. Осыған орай сұрағым бар.

Деректерді беру кезінде ақпаратты қорғау тетігі жеткілікті ме?

Ақпараттың тиісінше қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі міндет орындалмаған жағдайда қандай жауапкершілік шаралары көзделгені туралы да айтып берсеңіз. Бұл өте маңызды. Рақмет.

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Деректерді қорғау мақсатында келісімде талаптары жазылған және кредиттік бюролардың арасында жасалатын шартта да ол бар. Ақпараттарды қорғау мақсатында деректер Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған жүйесі арқылы беріледі. Бұл жүйе одақта құжаттарды мемлекетаралық алмасуға арналған. Осы жүйедегі жұмысты біз Қазақстанда ұлттық шлюз арқылы жасаймыз.

Жоғарыда айтып кеткенімдей, жауапкершілік бойынша біз Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске тиісті түзетулер дайындадық. Енді трансшекаралық алмасу кезінде заңнаманы бұзғаны үшін кредиттік бюролардың әкімшілік жауапкершілігі, яғни 100-ден 300 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұлдар көзделген. Біз осы түзетулерді сіздердің қарауларыңызға енгіземіз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Такиев Мәди Төкешұлы.

ТАКИЕВ М.Т. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мой вопрос адресован докладчику и представителю Министерства внутренних дел.

Не секрет, что сегодня увеличилось количество обращений граждан, пострадавших от интернет-мошенничества, связанного с выдачей кредитов, причем поступает много коллективных обращений. Граждане в основном жалуются на бездействие финансовых организаций и затягивание сроков рассмотрения уголовных дел правоохранительными органами. Также они обращают внимание на то, что агентство всегда делает отписки, а банки второго уровня продолжают начислять пени, взыскивать кредиты.

В этой связи у меня два вопроса.

Первый вопрос адресован докладчику. Мадина Ерасыловна, скажите, пожалуйста, какова практика противодействия интернет-мошенничеству в странах ЕАЭС? Как проверяется информационная безопасность наших банков?

Второй вопрос к представителю Министерства внутренних дел. Что предпринимается министерством для раскрытия и пресечения такого рода интернет-мошенничества? Есть ли в этом вопросе позитивная динамика? Спасибо.

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Большое спасибо.

Уважаемый Мади Токешович! Действительно, с ростом объема дистанционных финансовых услуг у нас наблюдается рост мошеннических операций. Только за прошлый год зафиксировано порядка 11 тысяч мошеннических операций в банках и микрофинансовых организациях, из них 5 тысяч – это оформление кредитов мошенническим путем. Это также связано с тем, что кредиты можно оформлять онлайн. В прошлом году для микрофинансовых организаций была значительно ужесточена идентификация заемщика (была введена двухфакторная идентификация через SMS-коды), кроме того, была введена биометрия. Вместе с тем количество мошеннических операций не уменьшается. Вы правильно говорите, данный вопрос связан прежде всего с информационной безопасностью и безопасностью систем самих финансовых учреждений.

В этом году совместно с правоохранительными органами и Национальным Банком разработана Дорожная карта по противодействию кредитному мошенничеству. Она предусматривает ряд мер, которые усилят кибербезопасность и информационную безопасность. На базе Казахстанского центра международных расчетов Национального Банка планируется создание антифрод-центра. Сейчас на базе агентства уже создан центр по кибербезопасности, куда стекается вся информация, но вот в этот антифрод-центр будет стекаться информация именно по мошенническим операциям. Банки и микрофинансовые организации будут предоставлять в центр информацию по видам таких операций, схемам, подозрительным лицам. Вся эта информация будет системно анализироваться.

Кроме того, будут усилены требования к мобильным приложениям. Прежде всего мошенничество происходит через мобильные приложения банков второго уровня. Предполагается, что обязательно будет введена биометрия. Мы видим из получаемых обращений граждан, что зачастую факты мошенничества происходят через программу удаленного доступа, которую пользователи могут загрузить себе на мобильный телефон. Может происходить удаленный доступ к мобильным приложениям, или путем введения в заблуждение мошенники получают доступ к мобильным приложениям. В основном происходит через удаленный доступ. В этой связи будет обязательное требование по биометрии при подключении к мобильному приложению. Если происходит подозрительная операция, то со стороны банка она будет приостанавливаться.

Если говорить об опыте стран Евразийского экономического союза, то передовой опыт имеется у Центрального Банка России. Он также утвердил типологии таких мошеннических схем и рекомендовал всем банкам при выявлении подозрительных схем немедленно приостанавливать доступ пользователя к своему приложению, причем не только через мобильный телефон, но можно и через компьютер посредством интернета подключиться к своему приложению и приостановить доступ к пользователю. Только после персонального обращения пользователя в отделение банка этот доступ может быть возобновлен.

Мы также планируем, что по аналогии с типологией, которая утверждена Агентством по финансовому мониторингу, будет утверждена типология мошеннических схем.

Важный вопрос, который также поднимают пользователи финансовых услуг, – это возмещение ущерба. Нами разработан следующий алгоритм. Подготовлен и сейчас подписывается меморандум с банками второго уровня, что при признании данной операции мошеннической сразу приостанавливается начисление вознаграждения по таким мошенническим кредитам. Когда в судебном порядке будет доказано, что это мошеннический кредит и сам пользователь не получил эти средства, то будет произведено возмещение данной суммы со стороны банка, то есть кредит будет полностью списан или, если это были собственные средства пользователя, ему эти средства будут возмещены.

Вместе с тем на законодательном уровне потребуется внесение определенных изменений. Мы сейчас в рамках Дорожной карты подготовили поправки и предлагаем на законодательном уровне установить ответственность финансовой организации по возмещению ущерба, если мошенничество произошло вследствие несоблюдения процедур по информационной безопасности. Просим вас поддержать при внесении этих поправок в Парламент.

ТӨРАҒА. Ішкі істер министрінің орынбасары Сәденов мырза.

СӘДЕНОВ Е.С. Ракмет.

Как было сказано, действительно, с развитием информационных технологий рост количества преступлений, в том числе интернет-мошенничества, вырос за последние пять лет: если в 2018 году было зарегистрировано чуть более 4 тысяч фактов, то по итогам 2022 было совершено 20 тысяч 444 преступления.

Что нами делается? Мы составили ведомственную программу на 2023 – 2025 годы. У нас есть межведомственная программа с МЦРИАП, АФМ, Генеральной прокуратурой и другими ведомствами, а еще есть ведомственная программа на 2023 – 2025 годы, рассчитанная на противодействие киберпреступности. Введена биометрическая идентификация при получении займов в банках и микрокредитных организациях, где зачастую совершается данный вид преступлений.

Совместно с МЦРИАП и операторами сотовой связи проработан вопрос по блокированию звонков с подменных номеров. Мы последние два-три года занимались этим вопросом. Хочу доложить, что только за три месяца этого года нами пресечено 15 миллионов таких звонков. То есть это работает. Да, есть технические погрешности, но мы этим занимаемся.

Также мы работаем с населением, отправляем SMS-рассылки предупредительного характера.

Министерством внутренних дел на базе Алматинской академии создан киберполигон – учебное заведение, которое готовит сотрудников по IT-направлениям.

Раньше у нас было управление «К», которое занималось выявлением, раскрытием и пресечением таких видов преступлений, но сотрудников было мало (в областях по 1-2 штатной единице). По нашей инициативе и при поддержке Мажилиса Парламента и Правительства сейчас в Министерстве внутренних дел работает киберцентр, то есть полноценное самостоятельное подразделение, на местах – 10-12 сотрудников полиции.

По поручению Главы государства министром утвержден пилотный проект «CiberPol», который мы сейчас тестируем в Астане и Алматы. Помимо имеющегося киберцентра, сюда входят следователи (узкое направление), оперативные работники, которые работают по выявлению таких преступлений.

Раньше были скачки с 4 тысяч до 20 тысяч преступлений. За три месяца этого года количество фактов мошенничества выросло на 0,4 процента, или по сравнению с прошлым годом на 30 преступлений, факты интернет-мошенничества – на 165 преступлений, то есть в прошлом году за это время было зарегистрировано 4,5 тысячи, в этом году – на 160 преступлений больше.

Мы понимаем, что в целом стоит задача по пресечению и недопущению этих преступлений. Меры принимаются. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Сабильянов Нұртай Салихұлы.

САБИЛЬЯНОВ Н.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Мәдина Ерасылқызы, менің сұрағым тұтынушылық кредитке байланысты.

Жақында Мемлекет басшысы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі отырыста халыққа берілетін тұтынушылық кредит көлемінің ұлғайып бара жатқанын атап өтті.

2023 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Қазақстанда тұтынушылық кредит алған адамдардың саны 6 миллион 900 мыңға жетіпті. Былтырғы жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 25,3 пайызға ұлғайып, 7 триллион 700 миллиард теңгені құрап отыр. Бұл халықтың мұқтаждығынан туындап отыр. Және беріліп жатқан қарыздың да мөлшері 56 пайызға дейін жылдық ставкамен беріліп отыр.

Осы қаралып отырған келісім Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің қаржы мекемелерінен қарыз алуға қосымша мүмкіндіктер беруді қарастырып отыр. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Агенттік болашақта осы тұтынушылық кредиттің көлемін азайтып, ол қаражатты нақты экономикаға жіберу бойынша қандай шаралар қабылдайды?

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Сұрағыңызға рақмет, құрметті Нұртай Салихұлы.

Тұтынушылық кредиттердің өсуін шектеу үшін қазіргі уақытта бірқатар шаралар қабылдануда.

Біріншіден, банктер мен микроқаржы ұйымдарына қойылатын талаптарды күшейту көзделуде. Біз былтыр банктер мен микроқаржы ұйымдарының капиталына талаптарды күшейттік. Банктер бойынша тәуекел саралау коэффициенттері 150 пайыздан 300 пайызға дейін өсті, ал микроқаржы ұйымдары бойынша капиталға қойылатын талаптар бес есе ұлғайды.

Екіншіден, проблемалық кредиттердің өсуіне жол бермеу үшін микроқаржы ұйымдарында проблемалық кредиттің үлесі 20 пайыздан аспауы керек. Одан асса, біз олардың лицензиясын қайтарып аламыз.

Үшіншіден, халықтың берешегін азайту үшін былтырдан бастап банктер мен микроқаржы ұйымдары арнайы жеке жоспарлар әзірледі. Осы жоспарларда борыш жүктемесін азайту үшін әртүрлі шаралар көзделген. Мысалы, кредит проблемалық болса, оның сыйақы мөлшерлемесін азайту, кредиттің мерзімін ұзарту немесе кредитті толығымен есептен шығару шаралары бар.

Мен статистика келтіре кетейін. Банктер 633 мың қарыз алушыға қайта құрылымдар жүргізуді жоспарлап отыр. Бүгінгі күні 267 мың азаматтың кредиттерін жеңілдетті. Микроқаржы ұйымдары бойынша 568 мың адамды қамту жоспарланып отыр. Бүгінгі күні 388 мың азаматтың микрокредиті реттелді.

Одан басқа өте маңызды шара – борыш жүктемесі бойынша пруденциялық нормативтің енгізілуі. Енді қарыз алушының борыш жүктемесі кірісінің 50 пайызынан аспауы керек.

Мемлекет басшысының Жарлығы шеңберінде қосымша шаралар қабылданатын болады.

Ең алдымен бұл коллекторлық агенттіктерге қатысты. Коллекторлық агенттіктер қарызды банктерден, микроқаржы ұйымдарынан сатып алғанда, енді олар реттеу шараларын, жеңілдету шараларын қабылдамайды, оларда ондай міндеттеме жоқ. Сол себептен біз коллекторлардың халықтың проблемалық кредиттерін реттеу шараларын қабылдауын міндеттейтін нормаларды заңнамалық деңгейде енгіземіз және проблемалық берешегі реттелмеген коллекторларға кредитті сатуға толығымен тыйым саламыз. Заңды түрде тыйым салу бойынша өзгерістер енгіземіз.

Біз тұтынушылық кредиттер бойынша талаптарымызды күшейтсек, енді экономикаға кредит беруді, өсіруді қамтамасыз ету үшін капиталға және өтімділікке қойылатын талаптарды жеңілдетіп жатырмыз. Қазіргі уақытта тек микрокредит қана емес, орта және шағын бизнеске берілетін кредиттер бойынша да талаптар екі есеге азайды, тек 50 пайыз капиталға қойылды.

Тағы бір маңызды мәселе – кредит беру үшін кепілдердің түрлерін көбейту және кепілге қойылатын талаптарды жеңілдету. Осыны біз былтыр банктермен бірлесіп өзгерттік. Кепілге қойылатын талаптар енді жеңілдетілді. Осының нәтижесінде өткен жылы экономикаға кредиттер 23,3 пайызға жетіп, бизнес субъектілеріне кредиттер 14 пайызға өсті.

Қосымша көзделетін шаралар бойынша. Мемлекет басшысының Жарлығында бірқатар жаңа жүйелі шаралар көзделген. Енді ірі инвестициялық жобалар синдикатталған кредит беру тетігі арқылы болады. Ол үшін жобалық кеңсе құрылды, Жол картасы әзірленді және заңға тиісті түзетулер де дайындалды.

Лизингті дамыту бағыты бойынша. Лизингті дамыту өте маңызды, себебі ол кәсіпкерлердің негізгі құралдарын жаңарту үшін мүмкіндік береді. Ол үшін мемлекеттік бағдарламаларға және ұлттық жобаларға лизингті қосу қажет болады.

Жарлыққа сәйкес біз осы жылдың соңына дейін банктерді қосымша 11 мемлекеттік дерекқорға қосамыз. Бұл банктерге нақты ақпарат алуға көмектеседі және кредиттің көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

ТӨРАҒА. Депутат Бейсенбаев Ержан Алмабекұлы.

БЕЙСЕНБАЕВ Е.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Мәдина Ерасылқызы! Менің сұрағым әріптесімнің сұрақтарына қосымша ретінде.

«Ақ жол» партиясының депутаттары бұған дейін сіздің атыңызға халықтың онлайн кредиттер алу мүмкіндігін болдырмаудың қажеттігі туралы сұрау салу жіберген болатын.

Мемлекет басшысы өткен жылдың желтоқсан айында Үкіметтің кеңейтілген отырысында халықтың көп кредит алуын төмендету үшін кепілсіз онлайн микрокредит беруге тыйым салған елдердің тәжірибесін зерделеуді тапсырды.

Қаралып отырған келісім Қазақстан Республикасының азаматтарына Қазақстанда отырып басқа мемлекеттің аумағындағы қаржы ұйымынан кредит алуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа Еуразиялық экономикалық одақтың онлайн қарыздар беретін қаржы ұйымдары Қазақстан нарығына кіреді.

Біз осы сияқты қарыздарды алу оңай екенін білеміз, өйткені қарыз алушылардың табыс деңгейі мен олардың кредит тарихы көбінесе ескеріле бермейді. Соның салдарынан біз борышкерлердің кредиторлар алдындағы борыштық міндеттемелерін уақытылы орындамауы сияқты жағдайға тап боламыз. Мұның бәрі бүгінгі статистикада көрініс тапқан. Ол, өкінішке қарай, көңіл көншітпейді. Осыған орай сұрағым бар.

Келісімді ратификациялау халықтың кредитті көп алуына әкеп соқпай ма?

Сіз бүгінгі күні онлайн кредиттерді толық алып тастау мүмкіндігін қалай бағалайсыз? Өйткені ең көп алаяқтық схемалар нақ осы сегментте орын алады.

ӨБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Ондай жағдайға әкеп соқпайды, себебі бұл келісім тек кредиттік тарихқа кіретін мәліметтермен трансшекаралық алмасу тәртібін бекітеді.

Онлайн кредит беру нарығын реттеу бойынша. Біз проблемалық кредиті бар қарыз алушыларға жаңа кредит беруге тыйым салу бойынша өзгерістер дайындадық, оны сіздердің қарауларыңызға енгіземіз. Бұл өзгерістер оң нәтижесін береді деп ойлаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Дайрабаев Жигули Молдақалықұлы.

ДАЙРАБАЕВ Ж.М. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Мәдина Ерасылқызы, өзіңіз де білетін шығарсыз, Ресейде «КамАгро» деген алаяқ компания бар. Сол алаяқ компания Қазақстандағы 16 фермерден 1 миллиардтан астам қаражат алғанына үш жыл болды, бүгінгі күні не ақша жоқ, не мал жоқ. «Аграрлық несие корпорациясынан» алған ақша солардың мойнында. Оның өсімпұлы өсіп жатыр. Дүние-мүлкі, үй-жайы, қора-жайы кепілдікте жатыр. Оларды қалай құтқаруға болады? Олардың жазбаған жері, ашпаған есігі қалған жоқ. Ешкімнің жаны ашымайды. Осыны сіздердің агенттіктеріңіз арқылы шешуге бір үміт бар. Осыны қайтаруға қандай әрекет жасауға болады? Осы заңның аясында мәселені шешіп берсеңіздер, сол 16 фермердің сауабы сіздерге тиер еді. Осыған атсалысуларыңызды сұраймыз. Осыны қалай шешуге болады?

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Жақсы. Біз бұл мәселені нақты қарап, оң шешімін табу үшін барлық әрекет жасаймыз.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Құрметті депутаттар, осымен сұрақтарымыз аяқталды.

Мәдина Ерасылқызы, сізге рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі депутат Берік Тұрсынбекұлы Бейсенғалиевке беріледі.

БЕЙСЕНҒАЛИЕВ Б.Т. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті депутаттар! Қаралып отырған заң жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 12 қазанындағы №813 қаулысына сәйкес енгізілді.

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде кредиттік тарихтың құрамына кіретін мәліметтер алмасу тәртібі туралы келісім 2021 жылғы 21 желтоқсанда Мәскеу қаласында жасалып, қол қойылған.

Келісім кредиттік тарихтың құрамына енгізілген ақпарат алмасу механизмін, тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ шекара арқылы алмасуға жататын ақпараттардың тізімін белгілейді. Жалпы, оның негізгі ережелері жаңа ғана баяндамашының сөзінде аталып өтті.

Бүгінгі күнде Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері осы заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Заң жобасын қарау барысында қазақ тіліндегі заң жобасының тақырыбы мен мәтініне қатысты редакциялық сипаттағы бір түзету келіп түсіп, ол жұмыс тобы мүшелерінің тарапынан қолдау тапты.

Осы айтылғандардың негізінде Қаржы және бюджет комитеті «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде кредиттік тарихтың құрамына кіретін мәліметтер алмасу тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау үшін Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне ұсынуға болады деп санайды.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Берік Тұрсынбекұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз.

Сөз депутат Исабеков Данабек Ержанұлына беріледі.

ИСАБЕКОВ Д.Е. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! Бүгін біз халықаралық шартты – Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде кредит тарихының құрамына кіретін мәліметтерді алмасу тәртібі туралы келісімді қарастырып отырмыз.

Келісім кредит тарихына өзара қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы одақтың қаржы нарығында трансшекаралық кредиттеуді дамыту үшін жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

Осы құжат мүдделі ұйымдар мен одақ органдары арасында мәліметтерді алмасудың тәртібін, шарттары мен тетіктерін заңдастырады.

Келісім қатысушы елдердің қаржы ұйымдарына осы мемлекеттердің заңды және жеке тұлғаларына кредиттер беру кезінде өз тәуекелдерін дұрыс бағалауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні экономикалық интеграцияның кеңеюіне байланысты біздің елдің кәсіпкерлері мен азаматтары одаққа қатысушы елдердің аумағында өз қызметін белсенді түрде жүргізуде. Олардың артып келе жатқан кәсіпкерлік және іскерлік белсенділігі осы келісімнің қабылдануына алып келді.

Келісімнің нормаларын кейіннен іске асыру және қолдану, оның ішінде мәліметтерді алмасу, ақпараттың құпиялылығын және сақталуын, бұзушылықтар үшін жауаптылықты қамтамасыз ету тетігі Еуразиялық экономикалық комиссия жанындағы жұмыс тобының жұмыс істеуі барысында әзірленетін болады.

Бірыңғай кредит беру нарығын құру, әрине, осы сектордағы бәсекелестіктің өсуіне және кредит беру құнының төмендеуіне өзінің оң әсерін тигізетіні, сондай-ақ жаңа қаржы технологияларын енгізуге және осы саланың одан әрі инновациялық дамуына ықпал етеді.

Құрметті депутаттар, мен, жалпы, талқыланып жатқан заң жобасын қолдаймын, әріптестерімді де оны қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Талқылау барысында осы заңды қабылдау жөнінде ұсыныс түсті. Сол ұсынысты дауысқа қоямын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 93, «жақтағандар» – 91, «қалыс қалғандар» – 2. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Келесі мәселе «Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы институтын құру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Қуантыров Әлібек Сәкенұлына беріледі.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Қарауларыңызға «Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы институтын құру туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасын ұсынамыз.

Аталған құжатта «Институтта жұмыс атқаратын Қазақстан Республикасының азаматтары өздеріне төленетін айлық төлемдері мен сыйақыларына салық салудан босатылмайды» деген ескертпе көзделгенін атап өткен жөн.

Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы институты туралы жалпылама ақпарат мынадай:

институт Орталық Азия елдерінде экономикалық өсуді жеделдету мақсатында 11 елдің (Ауғанстан, Әзербайжан, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Моңғолия, Пәкістан, ҚХР,

Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан) және 7 халықаралық ұйымның қатысуымен құрылды;

институт кеңсесі Бішкек қаласында 2014 жылғы 6 қарашада өткен Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастық бағдарламасының 13-ші министрлік конференциясының шешімі негізінде 2015 жылдың 15 наурызында Үрімшіде ресми түрде ашылды;

ұйымның бас кеңсесін Қытай Халық Республикасында орналастыру туралы шешімді қатысушы елдер дауыс беру тәсілімен шығарған болатын. Оған басты себеп Қытай кеңсені өтеусіз негізде беріп, оның жұмысына қаржылай үлес қосуында.

Қазіргі уақытта институтта 35 қызметкер жұмыс істейді.

Институтқа жұмысқа тұру ұйым сайтында жарияланатын конкурс арқылы іске асырылады.

2017 жылғы 1 қыркүйекте институт үкіметаралық ұйымның ресми мәртебесін алған болатын.

Қазақстан өткен жылдың 21 ақпанында институтты құру туралы келісімге қол қойып, байқаушы мәртебесіне ие болды. Аталған келісім ратификацияланғаннан кейін Қазақстан институттың толыққанды мүшесі болады.

Айта кететін маңызды жайт. Мүшелік жарнаны төлеу, төлемеу Қазақстанның өз еркінде қалады. Бұл елдің дауыс беру құқығына әсер етпейді. Өйткені ұйымның басқарушы кеңесі барлық шешімдерді мүше елдердің консенсусы негізінде қабылдайды.

Сонымен қатар институтқа мүше ел депозитарийге жазбаша хабарлама табыстау арқылы ұйым құрамынан кез келген уақытта шыға алады.

Аталған институт мүше елдерге қызмет көрсету мақсатында бағдарламаның операциялық басымдықтарының бірі ретінде айқындалған білім базасы болып табылады.

Институттың негізгі қызметі – зерттеулер жүргізу, семинарлар, форумдар және тренингтер мен конференциялар өткізу, сонымен қатар инновациялық шешімдерді ұсынып, зерттеу нәтижелері мен қорытындыларды тарату, сондай-ақ Орталық Азия өңірінде ғылыми-зерттеу институттары желісін дамыту.

Осылайша институттың бес кластерлік бағыты айқындалған. Олар:

экономикалық және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету;

сауда, туризм және экономикалық дәліздерді құру;

инфрақұрылым және экономикалық байланыстарды дамыту;

ауыл шаруашылығы және су ресурстарын мәселелерін шешу;

адами капиталды дамытудың сапасы мен тиімділігін арттыру.

Құрметті Төраға, құрметті депутаттар! Заң жобасы қабылданған жағдайда, Қазақстан институттың толыққанды мүшесі бола алады және келесі мүмкіндіктерге ие болады:

институттың білім базасына қолжетімділік пайда болады;

институт қазақстандық зерттеу жобаларды қаржыландырады;

институттың Қазақстан Республикасында филиалын құру мүмкіндігі пайда болады.

Бұл өз кезегінде, жергілікті ғылыми әлеует деңгейін арттыруға, қосымша жұмыс орындарын ашуға және бизнес-туризмді дамытуға мүмкіндік береді.

Келісімді ратификациялау теріс саяси, құқықтық, қаржы-экономикалық салдарға әкелмейді, сондай-ақ республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлуді талап етпейді.

Айтылған ақпарат негізінде аталған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Сұрақтарға жауап беруге дайынмын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз.

Депутат Бейсенғалиев Берік Тұрсынбекұлы.

БЕЙСЕНҒАЛИЕВ Б.Т. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Әлібек Сәкенұлы! Келісімнің 15-бабында Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы институты қажетті қаржы ресурстарымен оған мүше елдердің ерікті жарналары және басқа да қаражат есебінен қамтамасыз етілетіні көзделген. Бірақ сіз өз баяндамаңызда осы сұраққа нақты жауап бермедіңіз.

Жоғарыда аталған институттың қызметі қандай көздерден қаржыланатынын түсіндіріп берсеңіз.

Осы ұйымға кірген соң Қазақстанның бұдан кейін жарна төлеуі көзделген бе?

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті Берік Тұрсынбекұлы! Қазіргі уақытта институттың қызметі халықаралық қаржы ұйымдарынан қаржыландырылады, оның ішінде Азия даму банкі, Дүниежүзілік банк және тағы басқалар. Енді мемлекеттердің арасында қаржы беретін ел ол қазір тек Қытай. Сол себептен Қытай өз кеңсесін қамтамасыз етті, сол кеңсеге төлеп жатыр және жыл сайын қаржылай өз үлесін қосып жатыр. Келісім бойынша жарналар ерікті болып табылады. Алдағы жылдары қаржылай үлес қосу біздің жоспарымызда әзірге жоқ. Үлес қоспауға біздің құқығымыз бар. Бірақ институт беріп жатқан барлық қызметтерді ала аламыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Пономарев Сергей Михайлович.

ПОНОМАРЕВ С.М. Рақмет, уважаемый Ерлан Жаканович.

Уважаемый Алибек Сакенович! В соответствии с соглашением организационная структура, руководство и кадровый состав Института Центрально-Азиатского регионального экономического сотрудничества (ЦАРЭС) будут руководствоваться сбалансированностью представительства стран.

В связи с этим у меня вопрос: сколько сотрудников будет в ЦАРЭС от нашей страны?

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті Сергей Михайлович! Сейчас работают 35 сотрудников, примерно половина из них – это граждане стран, ратифицировавших данное соглашение. От Казахстана пока нет сотрудников, мы планируем их вводить.

Дело в том, что руководство (директор и заместители директора) выбирается из числа тех кандидатов, которые предоставляют сами страны. Соответственно, и Казахстан имеет право предоставлять своего кандидата. В настоящий момент директором данного института является представитель Таджикистана, причем директор выбирается на ротационной основе на три года и в алфавитном порядке. Соответственно, в будущем Казахстан (после Туркменистана и других стран) имеет право подать заявку.

Что касается других сотрудников, то они могут подавать заявки на сайте института, должны быть резидентами своих стран и проходить открытый конкурс. Это, в принципе, прозрачная деятельность. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Әбенәв Мұрат Абдуламйтұлы.

ӘБЕНӘВ М.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Әлібек Сәкенұлы! Әрине, Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы институтын құру мәселесі өте өзекті. Дегенмен сұрақ туындайды. Жалпы, бұл институттың бізге беретін нақты қандай пайдасы бар?

Жаңа өзіңіз бір-екі мәселені айтып кеттіңіз, яғни, су мәселесін, көші-қон мәселесін. Ол мәселелерді шешуге қалай көмектеседі? Бұл бойынша қандай нақты мысалдар бар? Сонымен қатар қандай қауіптер бар? Жаңа сіз он мемлекет деп айтып кеттіңіз. Орталық Азия дегеннен кейін біз бес мемлекет деп ойлаймыз ғой. Оның ішінде Ауғанстан бар, Қытай бар, тағы басқа мемлекеттер бар. Ол мемлекеттер сыртта орналасқан. Олар бұл ақпаратты қалай пайдаланады? Осы қауіптерді ойластырдыңыздар ма? Жалпы, қауіптер бар ма?

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Сұрағыңызға рақмет, құрметті Мұрат Абдуламйтұлы.

Бұл институттың негізгі мақсаты – тиісті зерттеулерді өткізу. Ол бізге бірнеше мүмкіндік береді. Бірінші мүмкіндік – қаражатты грант ретінде қазақстандық зерттеулерге тарту. Екінші мүмкіндік – институт өзі өткізіп жатқан зерттеулерге қатысады. Себебі осы зерттеулер техникалық гранттар арқылы өтеді. Үшінші мүмкіндік – Қазақстан территориясында институт филиалын ашу. Бұл филиалдың ашылуымен бізге жаңа мүмкіндіктер ашылады, мысалы, бизнес-туризмді дамыту, зерттеу нарығын дамыту.

Зерттеулерге келсек, мысалы, бұл институттың 2015 – 2016 жылдары белгілі бір тақырып болса, қазір енді басқа тақырып болып отыр. Қазіргі таңда жүргізіліп жатқан зерттеулерінің бірі – Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы елдеріндегі геосаясат және оның экономикалық, инфрақұрылымдық әсері, жаңадан ашылып жатқан мүмкіндіктері. Әрине, әр зерттеу нақты болуы керек, ол қажет болуы керек. Сондықтан осындай зерттеулерге біз ерекше назар аударатын боламыз.

ТӨРАҒА. Депутат Әбенәвтiң микрофонын қосыңыздар.

ӘБЕНӘВ М.А. Екінші сұрағыма жауап бермедіңіз. Пайдасын айттыңыз, жақсы. Енді қандай қауіптері болуы мүмкін?

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Жалпы, біз тәуекелдерді көріп отырған жоқпыз, себебі теңдік негізде серіктестік болады, сондықтан ешқандай тәуекелдер жоқ. Оның үстіне біздің қаржылық үлесіміз де жоқ. Жалпы, тәуекелдер жоқ. Оның құрамында тек Қазақстан ғана емес, он бір ел, сондай-ақ жеті халықаралық қаржы ұйымы бар.

ӘБЕНОВ М.А. Қанша ел?

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Он бір ел, жеті халықаралық ұйым. Келісімді он ел ратификациялады, тек Қазақстан ғана қалды.

ТӨРАҒА. Депутат Нажметдинұлы Болатбек.

НАЖМЕТДИНҰЛЫ Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

В пояснительной записке к проекту отмечается, что принятие закона позволит Казахстану достичь ускоренного экономического роста в регионе. В этой связи у меня следующие вопросы.

Во-первых, у нас действует ряд межправительственных комиссий по сотрудничеству с другими странами, в первую очередь в нашем центральноазиатском регионе, и вроде бы продуктивно. У нас есть еще «KazakhExport», «QazTrade» и другие институты, которые защищают наши интересы в этих странах, в том числе Министерство торговли и интеграции. Если мы присоединимся к соглашению об учреждении этого института с той целью, что это даст нам ускоренный экономический рост, получается, работы межправительственных комиссий недостаточно для ускоренного роста?

Во-первых, как будет обеспечен этот ускоренный рост? Как мы сможем оценить этот эффект? В чем заключается гарантия, что это не очередная имитация бурной деятельности? В прогнозе и пояснительной записке написано просто «ускоренный рост», никаких данных больше нет. Спасибо.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті Болатбек Нажметдинұлы! Когда мы говорим о межправительственных соглашениях, то это все-таки в большей степени двусторонние соглашения. Здесь же мы говорим о программе ЦАРЭС, именно о развитии центральноазиатского коридора, использовании инфраструктурного и транзитного потенциала, причем не только в Центральной Азии, а захватываем еще страны Кавказа (в частности, Грузия и Азербайджан, которые являются ратифицировавшими странами) и Китай. Так как на сегодняшней повестке дня стоит вопрос развития Транскаспийского маршрута (Срединный коридор), связанного с этими странами, и Казахстан проводит политику экономической дипломатии, выстраивает добрые взаимоотношения со всеми соседями (кстати, одним из принципов создания Института ЦАРЭС является принцип «хорошие соседи, хорошие партнеры и хорошие перспективы»), я думаю, что это действительно принесет нам успех.

Что касается бурной деятельности, то понятно, что любая международная структура имеет определенную степень бюрократии. Это признают все. Даже во Всемирном Банке и других банках это есть, мы сталкиваемся. У данного института все-

таки немного другая цель – проведение исследований и повышение научного потенциала стран-участниц. Я думаю, что присоединение к соглашению (а мы ратифицируем его последними, выждали определенное время, изучали) – это разумное решение, которое должно нам принести в первую очередь вклад в научную деятельность в стране, а также какие-то дипломатические, политические дивиденды. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті депутаттар, осымен сұрақтарымыз аяқталды.

Әлібек Сәкенұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі депутат Ескендіров Мұқаш Зұлқарнайұлына беріледі.

ЕСКЕНДІРОВ М.З. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Құрметті депутаттар! Заң жобасы 2016 жылғы 26 қазанда Исламабад қаласында жасалған Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы институтын құру туралы келісімді ратификациялауға бағытталған.

Келісімнің мақсаты Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы институтын үкіметаралық ұйым ретінде құру болып табылады.

Аталған келісімде Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы институтын құру тәртібі, оны құрудың мақсаты:

озық тәжірибемен алмасуға негізделген инновациялық шешімдерді қамтамасыз ету;

өңірлік ынтымақтастық әлеуетін кеңейту және Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы өңірінде жедел экономикалық өсу үшін әлемдік деңгейдегі зияткерлік ресурстарды жұмылдыру есебінен стратегиялық зерттеулер жүргізу;

даму саясаты бойынша пікірталастарға жәрдемдесу және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін кеңінен тарату арқылы Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығына қатысушы елдерде ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыру сияқты функциялар көзделеді.

Қазақстанның Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы институтына мүше болуы мүше елдер үкіметтерінің өңірлік ынтымақтастық процестеріне қатысуын кеңейтуге, өңірлік ынтымақтастық жобаларын жоспарлау және іске асыру бөлігінде олардың әлеуетін жақсартуға, олардың біліктілік деңгейін арттыруға ықпал ететінін атап өткен жөн.

Заң жобасы бойынша жаңа ғана Әлібек Сәкенұлы баяндап берді.

Құрметті депутаттар! Заң жобасы мүдделі мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобының отырысында, комитеттің кеңейтілген отырысында қаралды.

Парламент Мәжілісінің тұрақты комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын ұсынды.

Осыған байланысты комитет заң жобасын қабылдауды және оны Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына жіберуді ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Мұқаш Зұлқарнайұлы.
Өріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз.
Сөз депутат Шаталов Никита Сергеевичке беріледі.

ШАТАЛОВ Н.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.
Құрметті депутаттар! Ратификация Соглашения об учреждении Института Центрально-Азиатского регионального экономического сотрудничества позволит Казахстану стать полноправным членом организации.

Институт определен в качестве одного из операционных приоритетов программы ЦАРЭС, он нужен для оказания услуг странам-участницам и является базой знаний для самой программы.

Основная деятельность Института ЦАРЭС – проведение исследований, форумов и обучение в различных форматах (например, семинары, тренинги, конференции).

Деятельность института регулируется Управляющим советом, куда входит и Казахстан в качестве одного из национальных координаторов.

Важно отметить, что объем членского взноса в Институт ЦАРЭС является добровольным и никак не влияет на право голоса. Все решения принимаются Управляющим советом на основе консенсуса всех стран-участниц.

В целом законопроект направлен на стимулирование создания аналитических и исследовательских институтов в регионе для проведения стратегических исследований и обмена знаниями.

Уважаемые коллеги, в этой связи я предлагаю поддержать данный законопроект.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті депутаттар, талқылау барысында осы заңды қабылдау жөнінде бір ғана ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысқа дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 94, «жақтағандар» – 87, «қалыс қалғандар» – 7. Шешім қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Келесі мәселе «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Сөз Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Босымбекқызы Дүйсеноваға беріледі.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Бүгінде елімізде мүгедектігі бар азаматтардың саны 700 мыңнан асты. Олардың 59 пайызы жұмыс жасындағы азаматтар болса, 15 пайызға жуығы балалар.

Бұл санаттағы азаматтарымыздың өмір сүру сапасын жақсарту, оларды қоғамға қайта реинтеграция жасау Үкіметтің күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі.

Өздеріңізге белгілі, Қазақстан «Мүгедектердің құқықтары туралы» конвенцияға және осы конвенцияға қатысты Факультативтік хаттамаға 2008 жылғы желтоқсанда қол қойды, ал 2015 жылы конвенцияның өзін ратификациялады.

Осылайша Қазақстан өзіне мүгедектігі бар азаматтардың құқығын қорғауды халықаралық стандарттарға сәйкестендіру міндеттемелерін алды.

Осы жылдар ішінде бұл санаттағы азаматтардың құқығына қатысты заңдарға өзгерістер енгізілді, ұлттық жоспар қабылданды. Бүгінгі күні оның бірінші кезеңі аяқталып, екінші кезең шаралары іске асырылуда.

Сіздердің назарларыңызды атқарылған шаралардың бірнешеуіне аударғым келеді:

біріншіден, мүгедектікті белгілеу кезең-кезеңімен «бір терезе» қағидатымен жұмыс істейтін проактивті форматқа өткізілуде. Бұл медициналық-әлеуметтік сараптама жұмысының ашықтығын қамтамасыз ететін бірден-бір жолы деп қарастырып отырмыз;

екіншіден, бұрын 18 жасқа дейін ауру түріне және сауықтыру потенциалына қарамастан барлығына бірдей «мүгедек бала» деген бір статус және бірдей жәрдемақы төленетін болса, енді балаларға берілетін мүгедектік тобы 7 жастан бастап және оның жәрдемақыларының мөлшері сараланды.

үшіншіден, алдыңғы жергілікті әкімдіктердің орталықтандырылған сатып алу және бөлу механизмінің орнына, жеке қажеттілікке қарай әлеуметтік қызмет түрін, тауарларды және компенсаторлық техникалық құралдарды таңдап алуға мүмкіндік жасалды. Бұл механизм әлеуметтік портал арқылы жүзеге асуда. Ал мемлекет азаматтардың алған қызметтерінің құнын кепілдендірілген соманың көлемінде қаржыландыруда.

Төртіншіден, мүгедектігі бар азаматтардың көп деңгейлі әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін ендіру толығымен аяқталды. Енді бұл азаматтарға әлеуметтік тәуекелге орай төлемдер үш деңгейден: мемлекеттен – базалық жәрдемақы, жұмыс берушінің міндетті жарналарының есебінен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан – әлеуметтік төлемдер және сақтандыру компанияларынан – сақтандыру төлемдері тағайындалып, төленуде.

Қазақстанның өзіне алған халықаралық міндеттемелерін және атқарылған шараларды ескере отырып, Мемлекет басшысы 2020 жылғы 22 қазанда өткен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттаманы ратификациялау рәсімдерін аяқтауды тапсырды.

Факультативтік хаттаманы ратификациялау бұл Біріккен Ұлттар Ұйымының Мүгедектердің құқықтары жөніндегі комитеті мүгедектігі бар адамдардың жеке хабарламаларын қабылдау және қарау құзыретін мойындайтынын білдіреді. Яғни, хаттамаға сәйкес мүгедектігі бар азаматтар конвенция ережелері бұзылған жағдайда осы комитетке хабар немесе шағым түсіре алатын болады.

Егер келіп түскен шағым немесе хабар анонимді болып табылса, конвенцияның ережелерімен үйлеспесе, халықаралық талқылаудың немесе реттеудің басқа рәсімі шеңберінде қаралған болса не қаралып жатса, қолда бар ішкі қорғау шаралары түгел пайдаланылмаса, комитет хабарды қабылдауға болмайды деп санайды. Ал келіп түскен шағым немесе хабар бойынша конвенцияда бекітілген құқықтарды едәуір немесе жүйелі түрде бұзып отырғанын көрсететін анық ақпарат алса, онда комитет тиісті қатысушы мемлекет пен мәлімдеушіге өз ұсыныстары мен ұсынымдарын жолдайды.

Келіп түскен ұсынымдарды қарау тәртібі Бас прокуратураның, Әділет және Сыртқы істер министрліктерінің 2022 жылғы 1 ақпандағы бірлескен бұйрығымен регламенттелді.

Осылайша Қазақстанның халықаралық міндеттемелерін іске асыруға ықпал ететін: конвенцияның ратификациялануы; мүгедектігі бар азаматтардың құқығын қорғау жөніндегі заңнамалардың қабылдануы;

осы санаттағы азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспар шаралары;

өткен аптада қабылданған Әлеуметтік кодексте қаралған әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін түбегейлі трансформациялау механизмдері;

Біріккен Ұлттар Ұйымы комитетінің ұсынымдарын қарайтын мемлекеттік органдардың бірлескен іс-қимыл алгоритмінің бекітілуі;

Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға факультативтік хаттаманы ратификациялауға толық мүмкіндік бар екенін көрсетеді.

Құрметті депутаттар, факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз.

Депутат Башимов Марат Советұлына беріледі.

БАШИМОВ М.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

К депутатам постоянно обращаются лица с инвалидностью, которые остро поднимают вопросы касательно их защиты. Из года в год наблюдается неспособность местных и центральных исполнительных органов полноценно решать их проблемы.

Тамара Босымбековна, как вы собираетесь исполнять требования протокола, если на местах элементарно не выполняются нормы национального законодательства? К примеру, не везде имеются пандусы, не развита служба инватакси, недостаточное обеспечение качественными техническими средствами реабилитации.

Также ответьте, пожалуйста, все ли требования протокола по защите лиц с инвалидностью предусмотрены в действующем законодательстве? Рақмет.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Көп рақмет, Марат Советұлы.

Вы сами прекрасно знаете, что конвенция имеет 50 статей, из них 29 касаются непосредственно прав и возможностей, которые мы должны обеспечить лицам с инвалидностью. Сегодня определенная часть данных статей Казахстаном полностью исполнена, но есть статьи, по которым мы должны еще работать. Одна из статей – это доступность, о которой Вы говорите. Сказать, что по доступности мы не проводим никакой работы, нельзя, но по качеству, стандартам есть вопросы, по которым работа ведется.

Сегодня не ставится вопрос о том, что мы принимаем конвенцию и должны сразу за все отвечать. Мы поэтапно должны двигаться к этим международным стандартам.

ТӨРАҒА. Депутат Әбенәв Мұрат Абдуламәтұлы.

ӘБЕНОВ М.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Тамара Босымбекқызы, әрине, бұл хаттаманы ратификациялағанымыз дұрыс, ол біздің азаматтарымыздың халықаралық деңгейде өз құқықтарын қорғауды күшейтеді.

Ратификацияланатын хаттама конвенцияда бекітілген құқықтарды елеулі немесе жүйелі түрде бұзған кезде анық ақпарат алу үшін Біріккен Ұлттар Ұйымы комитеті мен қатысушы мемлекеттердің өзара іс-әрекеттер жасасу тәртібі регламенттелген.

Бұндай жағдайда арнайы өкілдің тергеп-тексеруіне болады және ол ұсыныс беріп, қорытынды талап етеді. Біз соған дайынбыз ба? Бізде қандай тетіктер қаралған?

Біріккен Ұлттар Ұйымының комитеті бізге ұсыныс берсе, біз оған өз уақытында, қажетті деңгейде жауап бере аламыз ба? Қандай іс-шара қабылдаймыз? Бұл мәселеде халықаралық деңгейде қандай тәжірибе бар? Біз өз кезегінде оны сапалы деңгейде орындай аламыз ба?

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Егер халықаралық тәжірибені қарайтын болсақ, әрбір мемлекетте осы ұсыныстарды қарайтын регламенттелген бұйрықтар немесе заңнамалар бар, сол заңнамаларды орындайтын органдар бар.

Бізде 2022 жылы ақпанда Бас прокуратура, Әділет министрлігі және Сыртқы істер министрлігі бірлескен бұйрық шығарды. Егер комитетке бір хабарлама түссе, тергеудің алдында ұсыным Сыртқы істер министрлігіне келіп түседі, Сыртқы істер министрлігі Бас прокуратураға береді, Бас прокуратура уәкілетті органдармен бірге оның заңға сәйкес келуін, келмеуін, орындалуын, орындалмауын қарайды, жалпы, заңдық талдау жасайды. Содан кейін өзінің ұйғарымын Әділет министрлігіне береді. Әділет министрлігі өздерінің комиссиясында қарап, сосын шешімін Біріккен Ұлттар Ұйымының комитетіне Қазақстанның ұйғарымы ретінде немесе ұстанымы ретінде беретін болады.

Осы Факультативтік хаттаманы күтіп жүргеніміздің себебі осы органның жоқтығына байланысты еді. Бүгін ол бұйрық регламенттелді, енді бұл жұмыс жүргізіледі деп айтуымызға болады.

Тек осы хаттама ғана емес, бізде өте көп конвенциялар қабылданған. Ол жөнінде бізге басқа да комитеттер ұсынымдар түсіруі мүмкін. Сондықтан бірлескен бұйрық тек біздің хаттамамызға ғана емес, басқа да хаттамаларға да байланысты ұстанымды көрсетеді деп айтуымызға болады. Егер біздің мәселемізге қатысты болса, Бас прокуратура уәкілетті орган ретінде бізбен бірге қарастыратын болады.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Шаталов Никита Сергеевичке беріледі.

ШАТАЛОВ Н.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

У меня вопрос к докладчику и представителю Министерства иностранных дел.

В социальных сетях и СМИ нередко публикуются обращения лиц с инвалидностью, некоторые из них, не получив полноценного ответа, изъявляют желание обратиться в международные организации.

Скажите, пожалуйста, были ли случаи обращения наших граждан с инвалидностью за защитой своих прав в международные организации? Ведется ли статистика таких обращений? Спасибо.

ТӨРАҒА. Сыртқы істер министрінің орынбасары Қоныспаев мырза.

ҚОНЫСПАЕВ Е.Б. Уважаемый Ерлан Жаканович! Уважаемый Никита Сергеевич! Благодарю за вопрос.

Как уже было ранее отмечено основным докладчиком, реализация факультативного протокола дает право лицам с инвалидностью, подпадающим под юрисдикцию Республики Казахстан, на международную защиту своих экономических, социальных и культурных прав через направление соответствующего обращения в Комитет по правам инвалидов. Министерство иностранных дел в рамках своей компетенции ведет соответствующую работу по мониторингу направления и рассмотрения таких обращений, в принципе, во всех комитетах ООН. Однако, учитывая, что в настоящее время Казахстан еще не ратифицировал факультативный протокол к Конвенции по правам инвалидов, даже если и были такие обращения, то в Комитете по правам инвалидов они еще не рассматривались.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Тау Нұргүл.

ТАУ Н. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Қасымқызы Дүйсеноваға жолданады.

Құрметті Тамара Қасымқызы! Сұрағым өзінің негізгі өмірлік қажеттіліктерін өзіне-өзі қызмет көрсету және жүріп-тұру қабілеттерін өз бетінше қанағаттандыру мүмкіндігінің ішінара немесе толық жоғалуына байланысты бөгде адамның күтіміне және көмегіне мұқтаж адамдарға сапалы әлеуметтік қызмет көрсету үшін жеке көмекшілерді оқытуға қатысты.

Бұған дейін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрінің айтуынша, 80 пайызға жуық мүгедек адамдарға олардың туыстары мен арнайы білімі жоқ, жұмыстары жоқ адамдар қарайды екен. Олар ешқандай алғашқы көмек көрсете алмайды, ешқандай дағдысы жоқ, мүмкіндігі де жоқ. Осы азаматтарды оқытуға мүмкіндік бар ма? Халықаралық стандарттар бойынша осындай азаматтарға оқыған, білімді адамдар қарауы керек. Рақмет.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Сізбен толық келісемін. Өткен аптада қабылданған Әлеуметтік кодексте осы санаттағы азаматтарға көмек көрсететін, әлеуметтік қызмет көрсететін азаматтардың қолында осындай қызметті атқара алады деген сертификат болуы керек деген норманы енгіздік.

Олар мемлекеттің есебінен оқытылатын болады. Ондай санаттағы азаматтарға көмекші ретінде оның туысқаны, болмаса басқа азамат қабылданатын болса, олар алдын ала бір айлық курстан өтеді, содан кейін ғана жұмысқа кіріседі деген мәселені қарастырдық. Бұл норма 1 шілдеден бастап күшіне енетін болады.

ТӨРАҒА. Депутат Сейтжан Кенжеғұл Социалұлы.

СЕЙТЖАН К.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым, Тамара ханым, сізге.

Құрметті Тамара ханым! Біріншіден, мен бұл заңды қолдаймын, өйткені бұл беріліп отырған мүмкіндік. Бұндай қолдауды күткен көптеген азаматтар дүниеден озды.

Біз халықаралық деңгейде өз құқығымызды қорғай аламыз, өте дұрыс. Бірақ қазақ тілінің Брайль шрифті дамымай отыр. Кейбір аудандарда, әсіресе жаңа ашылған облыстарда осы саланың мамандары жоқ. Брайль шрифінде кітап дайындайтын, аудиокітаптар шығаратын азаматтар жоқ. Осыны сіздер қалай шешесіздер? Оның шешілу тетіктері қандай? Рақмет.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Бұл мәселе де кенже қалып келе жатқан мәселелердің бірі болатын. Брайль алфавиттері Ресейден алынған болатын. Қазір оны қазақ тілі мамандарына бердік, олар Оқу-ағарту министрлігімен бірге жұмыс атқарып жатыр.

Негізгі мәселе қаржыландыру болатын, оны Әлеуметтік кодекске қостық, өзімізге де қостық. Биыл оның бірінші кезеңін бастаймыз. Жалпы, біз оны кітапханалардан бастайық дедік. Кітапханалардан кейін мектеп кітапханаларында да жалғастыру мәселесін қарастыратын боламыз.

ТӨРАҒА. Депутат Зайытов Ринат Рифхатұлы.

ЗАЙЫТОВ Р.Р. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға.

Тамара Қасымқызы, хаттамада қатысушы мемлекеттің Біріккен Ұлттар Ұйымының Мүгедектердің құқықтары жөніндегі комитеті адам құқықтарын бұзу туралы өтініштерін қарау жөніндегі құзыретін тануы бекітілген деп жазылған.

Менің түсінігімше, кез келген мүгедектігі бар адам немесе оның өкілі тікелей осы комитетке адам құқықтарының бұзылуы бойынша шағымдана бере алады. Осы жерде сұрақ туындайды.

Бұндай шағымдардың қарау жолдары қалай? Ол шағымдар бірден комитетке түсе бере ме, жоқ, алдымен мемлекет ішінде қарала ма? Осының алгоритмін түсіндіріп берсеңіз.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Біріншіден, шағым мемлекеттің ішінде қаралады. Әрбір азамат уәкілетті органдарға өз арыздарын жіберуі керек. Егер ол арыздары немесе хабарлары бойынша жауапқа қанағаттанбайтын болса, онда сотқа жүгінуі мүмкін. Мемлекет

тарапынан ешқандай шешім қабылданбады, мен бұл шешімге қанағаттанбаймын десе, комитетке беріледі. Шағым мемлекеттің ішінде қаралмастан комитетке түссе, оны комитет қарамайды, қайтарып жібереді.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Саурықов Ерболат Байұзақұлы.

САУРЫҚОВ Е.Б. Менің сұрағым құрметті Тамара ханымға және егер осында болса, Денсаулық сақтау министрлігінің өкіліне.

Сіздер мүгедектердің құқықтарын халықаралық деңгейде қорғау бойынша мәселені көтеріп отырсыздар.

Жамбыл облысындағы мүгедек балалардың ата-аналарынан хат өте көп келіп түседі. Мен өзім Жамбыл облысында қызмет атқарып жүрген кезімде Жамбыл облысындағы мүгедектігі бар балалардың мәселесімен өте көп айналыстым және оны шешуге де тікелей қатыстым.

Қазір біз өзіміздің ішіміздегі осы мәселелерді әлі толық реттей алмай отырған кезде халықаралық деңгейге шығу қалай болар екен? Өйткені мүгедек болып туылған балаларды жыл сайын мүгедектігін созу үшін тексертуге медициналық мекемелерге, жергілікті атқарушы билікке қайта-қайта апарады. Ол үшін қаншама құжат дайындау керек, ол баланың жанында көмекшісі, тағы да басқа азаматтар жүреді. Неге біз ол балаларды үйінде қарап, мүгедектігін созу мәселесін талап етпейміз? Егер біз қазір оны халықаралық деңгейге шығаратын болсақ, онда ол мәселелер өз ішімізде шешілмей, халықаралық аренаға шығып кетпесіне кім кепіл? Рақмет.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Рақмет.

Бұл отырыста Денсаулық сақтау министрлігінің өкілі жоқ-ау деймін, мүмкіндігінше мен жауап берейін.

Рас, ол мәселе бар. Біз биыл нозологияны 22-ге көбейттік. Егер азамат немесе бала емханаға келетін болса, «бір терезе» қағидасымен оның барлық ақпараты бізге түседі. Оның медициналық-әлеуметтік сараптамаға, басқа да органдарға бармауын, яғни 22 нозология бойынша мүгедектігін созу мәселесін шешіп жатырмыз. Қалған нозологиялар бойынша жұмысты Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттандыру жүйесі аяқталғанға дейін жалғастыратын боламыз.

Бұрын ауруына, потенциалына қарамастан 18 жасқа дейін бір статустен бәріне бірдей жәрдемақы беретін едік, енді 7 жастан бастап олардың мүгедектік топтарын анықтап, әрқайсысына жәрдемақыларын бөлек-бөлек төлейтін болдық.

2008 жылы қол қойдық. Осы жылдар аралығында заңнамаларға біраз өзгерістер енгізілді. 2015 жылдан бастап әр екі жыл сайын осы мәселе бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымына есеп беріп келеміз.

Бұл тек мемлекеттің ғана жұмысы емес, бұл жалпы қазақстандық қоғамның жұмысы. Сондықтан қоғам болып осы жұмыс атқарып, бұл азаматтарға қажетті мүмкіндікті жасауымыз керек. Егер әлі дайын емеспіз дейтін болсақ, онда солай дайын болмай жүре береміз. Бәріміз бірге жұмыс істесек, дайын боламыз деп ойлаймын.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, осымен сұрақтарымыз аяқталды.

Тамара Босымбекқызы, сізге рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі Бейсенбаев Елнұр Сабыржанұлына беріледі.

БЕЙСЕНБАЕВ Е.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Мемлекет басшысының елімізде инклюзивті қоғам құру және оны қалыптастыру бойынша бірқатар нақты тапсырмалары орындалды. Жақында Әлеуметтік кодекс қабылданды.

Оған қоса Парламент Мәжілісінің қарауына Қазақстан Республикасының Үкіметі «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы» Заңның жобасын енгізді.

Факультативтік хаттама Қазақстан 2015 жылғы 20 ақпанда ратификациялаған Біріккен Ұлттар Ұйымының Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясына берілген келісім болып табылады.

Хаттаманың негізгі ережелері қоғамның азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өміріне мүгедектігі бар адамдардың қатысуын қамтамасыз етуге мейлінше бағытталған.

Хаттамада конвенцияда бекітілген құқықтары бұзылған жағдайларда жеке шағымдарды қарау тетіктері белгіленеді, бұл Қазақстан Республикасының азаматтарына өздерінің экономикалық, әлеуметтік және мәдени мүдделерін халықаралық тұрғыда қорғау құқығын қамтамасыз етеді.

Хаттамада адам мен азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында кепілдік берілген құқықтары мен бостандықтарын шектейтін нормалар қамтылмайды.

Қазақстанның хаттамаға қосылуы мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғау деңгейін арттыруға және инклюзивтілік қағидатын іске асыруға, сондай-ақ еліміздің халықаралық имиджін жақсартуға ықпал ететін болады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің комитеттері заң жобасын қараудың нәтижесі бойынша оң қорытындыларын берді. Заң жобасы жұмыс тобының және комитеттің отырыстарында талқыланды. Салыстырма кестесі барлықтарыңызға таратылды.

Құрметті әріптестер! Мен осы заң жобасын қолдаймын және Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің атынан «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қолдауды және қабылдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Елнұр Сабыржанұлы.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз.

Сөз депутат Серіков Таңсауле Ғабдыманапұлына беріледі.

СЕРІКОВ Т.Ғ. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мен бұл заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді де қолдауға шақырамын.

Мемлекет басшысы мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғау мәселесіне үнемі назар аударады. Мысалы, партиялық сайлау тізімдерінде азаматтардың квоталанатын санаттарының тізбесі алғаш рет заң түрінде кеңейтілді. Әйелдер мен жастардан бөлек ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін де квота белгіленді. Бұл талап алғаш рет Парламент Мәжілісі депутаттарының өткен сайлауында қолданылды. Бүгінде ерекше қажеттіліктері бар адамдар Мәжілістің саяси партияларының барлық алты фракциясынан орын алып отыр.

Мемлекет азаматтардың осы санаты үшін қолайлы жағдайлар жасау бойынша жұмысты жалғастыруда.

Ерекше қажеттіліктері бар адамдарды қолдау қоғам үшін аса маңызды және мемлекет инклюзивті білім беру мәселелеріне, кедергісіз орта құруға, инфрақұрылымдық қолжетімділікті қамтамасыз етуге және осындай адамдарды жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін кеңейтуге айтарлықтай көңіл бөледі.

Хаттама ережелеріне сәйкес мемлекет азаматтардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын халықаралық деңгейде қорғау шараларын қамтамасыз етеді.

Хаттаманың ережелері Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне және халықаралық құқық нормаларына қайшы келмейді. Оны ратификациялау теріс әлеуметтік-экономикалық салдарға алып келмейді.

Өзім мүгедектігі бар адамдардан мұндай өтініштер көп болмайды деп үміттенемін, өйткені мемлекет осы мәселені шешу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауда.

Құрметті әріптестер, осы айтылғанды ескере отырып, «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңын қабылдауды және оны Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына жіберуді ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа талқылауға қатысатын депутаттар жоқ. Талқылау барысында осы заңды қабылдау жөнінде ұсыныс түсті. Сол ұсынысты дауысқа қоямын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 93, «жақтағандар» – 93. Шешім қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қарап болдық. Енді депутаттық сауалдарды жариялауға көшеміз.

Сөз депутат Саиров Ерлан Бияхметұлына беріледі.

САИРОВ Е.Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайыловқа.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2019 жылдан бастап Қазақстан күрделі қоғамдық-саяси трансформация кезеңін өткеруде. Елімізде ауыл

әкімдерін халық тікелей сайлау мүмкіндігіне ие болды. Бүгінде 1 мың 480 ауыл әкімі тікелей сайланды.

Халық аудан, қала әкімдері биыл пилоттық деңгейде, келесі жылдан бастап тікелей сайлау мүмкіндігіне ие болады.

Қазақстан суперпрезиденттік басқару жүйесінен бас тартты. «Бір Президент – бір мерзім» саяси новелласы енгізілді.

Мәжілісте Қазақстанның тарихында бірінші рет алты партия жұмыс істеуде.

Конституциялық Сот құрылды.

Мемлекет басшысы Тоқаев күрделі геосаяси жағдайда халыққа конституциялық реформаны ұсынып, бұл өзгерістерді халық толыққанды қолдады.

«AMANAT» фракциясы енді Үкімет жергілікті әкімшіліктермен бірлесіп, осы саяси трансформацияны халықты шешім қабылдау процесіне кеңірек араласу үрдісін жасап, қоғамның ыждағатты әлеуметтік-экономикалық белсенділігін арттыруға пайдалануы қажет деп есептейді.

Бізге парасатты, саяси ыждағатты, халықшыл саяси мәдениет қалыптастыру маңызды.

Аймақтарда жергілікті әкімдер бюджет қабылдау процесіне жаңа сайланған мәслихаттардың творчестволық потенциалын пайдалана отырып, бюджет процесіне қоғамды кеңірек қатыстыру мәдениетін жасау басты аспект.

Жергілікті бюджеттің қалыптасуы барша халыққа жаппай ашық және түсінікті болуы тиіс.

Аудандық, облыстық деңгейдегі өзекті, өткір мәселелер ашық талқыдан өте отырып, шешімдер жергілікті қоғамдастықпен келісе отырып қабылдануы қажет.

Үкімет өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы саясатын, баға, тарифтерді өзгерткенде халыққа түсінікті, ашық болуы шарт.

Конституциялық реформаларды халықтың әл-ауқатын арттырып, экономиканы әртараптандыруға конвертация жасайтын тетіктер керек. Ол үшін қоғамның позитивті, саяси, әлеуметтік, экономикалық белсенділігін арттыру кезек күттірмейді.

Үкіметтің бүгінгі күнгі халықпен жұмыс істеп, қоғаммен коммуникация жасау тәсілдері көңіл көншітпейді.

Жасөспірімдерді гуманистік тұрғыда тәрбиелеу, қазақстандық патриотизм, мемлекеттік ақпарат қауіпсіздігі аясында проблемалар көбейіп келеді.

Үкімет елімізде өтіп жатқан саяси трансформацияның мәні мен маңызын халыққа түсіндіре отырып, азаматтардың қоғамдық творчествосын арттыруға бағытталған нақты шешімдер қабылдауы тиіс.

Бұл мәселелерді оң шешпей конституциялық реформаның ұлағатты творчестволық потенциалын арттыру қиынға соғады.

Сауалға заңда көрсетілген мерзімде жауап берулеріңізді өтінеміз.

Құрметпен «AMANAT» фракциясы мүшелері». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жаңбыршин Еділ Терекбайұлына беріледі.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Депутаттық сауалымыз Премьер-Министр Әлихан Асханұлы Смайыловқа.

«Бүгінге шейін көптеген ірі инвестициялық жобалар – «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері», «Жайлы мектеп», инженерлік, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылымдар мен басқа да жобаларды дамыту мемлекеттік бюджеттен, Ұлттық қордан 3 триллион теңгеден астам сомаға қаржыландырылып отыр.

Соңғы үш жылда әртүрлі жобаларға мемлекеттің кепілдігімен тартылған несие 2,2 триллион теңгені, ал Үкіметтің алған қарызы 1,8 триллион теңгені құрады.

Бұл инвестициялық жобаларға бөлінген ақшаның негізгі бөлігі екінші деңгейдегі жекеменшік банктерде орналастырылған.

Сонымен қатар 2022 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша «Самұрық-Қазына» қорының жекеменшік банктерде орналастырылған қаржы активтері мен ақшасы 5,9 триллион теңгені құрады. Яғни, мемлекеттегі қаржының көбі жекеменшік банктер арқылы айналымға жіберілген. Мысалы, жоғарыда айтылған қаржылардың 1 триллион теңгесін бір жекеменшік банкте орналастырсақ, бұл банк жылына кемінде 150 миллиард теңге табыс табады екен. Енді есептеңіз, қанша мемлекет қаржысы мен Үкімет алған қарыздар осы жекеменшік банктер арқылы өтті?

Осындай оңай қаржылық схемалар арқылы пайда тапқан банкирлеріміз Форбстың тізімінен бір-ақ шықты. Ай сайын инвестициялық кірістер мен қызмет көрсетуден түсіп жатқан миллиардтар, жекеменшік банктерді Қазақстан экономикасын дамытуға мүмкіндік беретін бизнес жобаларды қаржыландыруға ынталандырмайды. Өйткені олар басын ауыртып ойланбайды. Оп-оңай табыс келіп тұр. Бұлар әбден қаржылық монополист болып алған.

Ақиқатына келгенде, біз олигархтарды және олардың банктерін халықтың, мемлекеттің қаражаты есебінен қаржыландырып отырмыз және оны тексере де алмаймыз. Сонда Үкімет, құзырлы органдар мен агенттіктер қайда қарап отыр? Әлде солармен бірге ме?

Бір қызығы, жеке банктер сияқты қызмет көрсете алатын бірқатар мемлекеттік қаржы институттары елдегі ақша активтерін орналастырудан шеттетілген және олар үлкен қаржылық шығынға ұшырауда. Мемлекет оларды банкрот қылмас үшін қаржылай көмек жасап отыр.

Осындай жағдай квазимемлекеттік ұлттық операторымыз «Қазпошта» акционерлік қоғамында орын алып отыр. Қолда бар ақпаратқа сәйкес, «Самұрық-Қазына» 2022 жылы ғана «Қазпоштаға» әлеуметтік шиеленісті төмендету үшін ескірген көлік базасын жаңарту мен жалақыны индексациялауға шамамен 11 миллиард теңге бағыттады. Соның өзінде «Қазпошта» өткен жылы 12,5 миллиард теңгеге шығынға ұшырап отыр.

Бұл жағдайды қалай реттейміз? Шешім бар. Мысалы жекеменшік банктерде орналастырылған «Самұрық-Қазына» қорының 6 триллиондай қаржылық активтерінің 10 пайызы ғана «Қазпочтада» орналастырылса, онда мемлекеттік компаниямыздың жылдық табысы шамамен 40 миллиард теңгені құрайды екен, яғни, «Қазпочта» донор компанияға айналады, бюджет үнемделеді, «Самұрық-Қазына» дивидент алып, ел қазынасына қаржы құяды, мемлекет қаржысы жеке банктердің дивидентін көбейтуге жұмсалмайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында: «Үкімет бюджеттің тұрақты болуын қамтамасыз етуі керек. Ұлттық қордың трансфертіне тәуелділіктен біртіндеп құтылуымыз қажет», – деді. Жаңағы айтқан бір ғана шешім Президент тапсырмасын нақты орындауға мүмкіндік береді.

Тағы бір айта кететін жайт. Мемлекеттік қаржы институттары арқылы өтетін қаржыларды Парламент те, Үкімет те толық бақылай алады.

Аяғынан тұрған «Қазпочта» елге қандай пайда әкеледі? Қазіргі кезде «Қазпочта» 2 мыңнан астам ауылдардағы қаржылық және логистикалық қызмет көрсететін бірден-бірі, кей жерлерде жалғыз ұлттық оператор. Табысы бар «Қазпочта» халыққа заманауи цифрлық қызмет көрсетуді қолға алады, қызметшілерінің жалақысын өсіреді, білікті кадрларды тартады, жаңа жұмыс орындар мен ғимараттар ашып, ауыл инфрақұрылымын дамытады. «Қазпочта» көптеген ауылдардың даму нүктесіне айналып, оларға жан бітіреді, тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Бұдан ауыл да, халық та ұтады. Мемлекет мүддесіне сай қаржылық саясат жүргізу бірнеше проблеманы жояды және Үкіметтің жұмысының да тиімділігі көрінеді. Нақты нәтижелерін халық сезінетін болады.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып:

1) мемлекеттік компаниялардың қаржысын халыққа тиімді пайдалану жөнінде жан-жақты талдау жасалынып, тиісті шешімдер қабылданын;

2) Үкіметтің инвестициялық жобаларға алатын несиелері, қарыздары, оған бөлінетін бюджеттік қаражаттары мемлекеттік қаржы институттарында, бірінші кезекте «Қазпочтада» орналастырылсын.

3) «Самұрық-Қазына» қорының қаржылық активтерін кезең-кезеңімен мемлекеттік қаржы институттарында, оның ішінде «Қазпочтада» орналастыру мәселесі қаралсын.

«AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Е. Жаңбыршин, С. Мусабаев, Ж. Сүлейменова». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Негізі назар аударатын мәселе. Себебі біздің мыңдаған ауылдардағы мемлекеттік қызмет көрсететін жалғыз орган – пошта. Бұл соның жағдайын дұрыстайтын бірден-бір жақсы ұсыныс деп есептеймін. Сондықтан біздің тиісті комитеттер осы мәселе бойынша депутат Жаңбыршинмен бірге жұмыс істеуі керек.

Сөз депутат Бейсенбаев Елнұр Сабыржанұлына беріледі.

БЕЙСЕНБАЕВ Е.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасына.

«Құрметті Әсет Арманұлы! «Өтірікті сендіріп айтудың өзі өнер» деген сөзді Статистика бюросы тура мағынасында түсінетіндей көрінеді бізге. Статистиктердің ресми мәліметін оқысаң, Қазақстанда орташа жалақы Еуропаны өкшелеп қалған, ал жұмыссыздық көрсеткіші бойынша Скандинавия елдерінен еш кем түспейміз.

Дәл қазір қазақстандықтардың ең басты проблемасы – азық-түлік бағасының шарықтауы. Қымбатшылық қарапайым халықты алқымдап тұр. Бірақ Ұлттық статистика бюросы 10 жұмыртқа 490 теңге, айранның литрі 390 теңге, пияз 182 теңге, ал қияр мен қызанақ бағасын 1 мың теңгенің көлемінде дейді.

Оған қоса Статистика бюросының мәліметінше 2023 жылдың наурыз айына азық-түлік бағасы шамамен тек 21 пайызға өсіпті.

Шындығында, мәселе одан әрі ушығып тұр. Кеше бүкіл аймақ бойынша «AMANAT» партиясының мониторингтік топтары азық-түлік бағаларының өскенін анықтап отыр. Нәтижесінде, пияздың бағасы 350 теңге, қияр мен қызанақ 1 мың 600 теңге, ал жұмыртқаның бағасы 600 теңге. Яғни, статистика мәліметінде көрсетілген бағалардың 1,5-2 есеге дейін, 70-100 пайызға өскені байқалады.

Рас, қазір дүкенге баруға қорқасың, баға күн санап өсуде. Мысалы, үш адамнан тұратын отбасы бір апталық тамағына ең кемі 40-50 мың теңгенің арасында ақша жұмсайды. Бұл біріншіден.

Екіншіден, ресми мәліметке сүйенсек, Қазақстандағы орташа жалақы 339 мың теңгені құрайды, халықтың жан басына шаққандағы табысы 166 мың теңгені құрап отыр. Бұл статистика мәліметтері. Шынын айту керек, бұл цифрларға қарапайым халық сенбейді. Ең төменгі жалақы 70 мың теңгені құрайтын қоғамда орта жалақы одан бес есеге көп болуы мүмкін емес.

Осыдан бір жыл бұрын Мемлекет басшысы халқымыздың жартысының айлық табысы 50 мың теңгеден аспайтындығын көрсеткен болатын. Яғни, инфляцияның өсуі, экономикалық рисктердің артуы жағдайында аталған кедей халықтың табысы күрт артты дегенге ешкім сенбейді.

Үшіншіден, соңғы үш жыл бойы Ұлттық статистика бюросы Қазақстандағы халықтың небәрі 4,9 пайызы, яғни 450 мың адам жұмыссыз дейді. Сондай-ақ ресми дерек бойынша жастар арасындағы жұмыссыздардың саны шамамен 80 мың адамды құрайды. Шындығына келсек, осы топтағы жұмыс істемейтін, тіпті оқымайтын NEET санатындағы жастардың саны 380 мыңды, ал өзін-өзі жұмыспен қамтитын жас азаматтардың, яғни тұрақты табысы жоқ жастардың саны 300 мыңнан асып жығылады. Сонда тек жас азаматтардың кемі 750 мыңы жұмыссыздар қатарында. Бұл ресми статистикалық көрсеткіштен он есеге көп.

Жалпы, Үкіметтің шешім қабылдарда жіберетін басты кемшілігі – жалған статистиканы пайдалануы. Статистика елдегі нақты ақпарат пен шынайы көрсеткіштердің бет-бейнесі болуы тиіс. Дегенмен Үкімет тарапынан қабылданған шешімдердің әлсіздігі көбінде қате мәліметтерге сүйенудің негізінде орын алып отыр деп есептейміз.

Ұлттық бюро жүргізетін статистика барынша шынайы, халықтың әлеуетін ашық көрсетуі тиіс. Сонда ғана қазақстандықтардың тұрмысын жақсарту, табысын арттыру мүмкін болады. Осы ретте біз нақты ақпарат берудің жаңа, әділ ережесін қалыптастыруымыз қажет.

Құрметпен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, «AMANAT» фракциясының мүшелері». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сұңқар Ислам Еркінұлына беріледі.

СҰҢҚАР И.Е. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Біздің сауал Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Алтай Сейдірұлы Көлгіновке.

«Үкіметтің назарын медицина кадрларын даярлау ісіне аударамыз. Бүгінгі таңда медицина кадрларының біліктілік деңгейі білімнің сапасына тікелей байланысты.

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында жүктелген міндеттерді орындау үшін соңғы үш жылда медицина қызметкерлерінің жалақысы жоспарлы түрде ұлғайтылып, оқу орындарындағы оқытушы-профессорлар құрамының жалақысынан едәуір асты. Бұл білікті оқытушылардың практикалық медицинаға бет бұруына түрткі болатыны сөзсіз. Алайда қазіргі уақытта медициналық мамандықты меңгеруге бөлінген мемлекеттік тапсырыс көлемі мемлекеттік медициналық жоғары оқу орындарының оқу үдерісін ұйымдастыру шығынын да өтемейді.

Барлық медицина студенттерінің 70 пайыздан астамы оқитын «Жалпы медицина» мамандығы бойынша бакалавриат грантының құны соңғы рет 2021 жылы қайта қаралды және 1 миллион 1 мың теңгені құрады. Айта кету керек, көрсетілген құн 2021 – 2022 және 2022 – 2023 оқу жылдарында оқуға түскен студенттерге қолданылады және жоғары оқу орындарының шығынын жаппайды, себебі бір білім алушыға берілетін білімнің өзіндік құны 2 миллион теңгені құрайды.

Үшінші және одан жоғары оқу жылының студенттері гранттарының құны жеті жылдан астам уақыт бойы қайта қаралмады. Қазір ол 609 мың теңгені құрайды.

Дәрігерді оқыту заңгерді немесе экономисті оқытқанға қарағанда әлдеқайда қымбат. Оқу сыныптары мен әдебиеттерден бөлек теориялық және практикалық дағдыларды дамыту үшін ғылыми, клиникалық және фармацевтикалық зертханалар, клиникалық базалар, қымбат модельдеу, медициналық жабдықтар және тағы басқалары қажет.

Тиісті еңбекақы белгілеу мүмкіндігінің жоқтығынан мемлекеттік жоғары медициналық білім беру ұйымдарында ескірген негізгі қорлардың, материалдық-техникалық базаның және жатақханалардың талапқа сай емес екені байқалады. Шетелде медициналық мамандықтың оқу ақысы басқа мамандықтардың оқу құнынан 2-4 есеге дейін жоғары.

Мәселенің өзектілігін ескере отырып, біз медицина және сол сияқты өзіндік құны қымбатқа шығатын, мысалы, агроғылым мамандарын оқыту мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша республикалық бюджеттен бөлінетін грант құнын ұлғайтуға басымдық беру бойынша шара қабылдауды ұсынамыз.

Құрметпен Қазақстан халық партиясы фракциясының депутаттары». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Бапи Ермұрат Сейтқазыұлына беріледі.

БАПИ Е.С. Рақмет, төраға мырза.

«Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Б.Н. Асылқовқа. Депутаттық сауал.

Құрметті Әлихан Асханұлы және Берік Ноғайұлы! Еліміздің байлығын игеру ісінде биліктің ескі жүйесі мен ұлттық табысты қайта бөлудің бұрынғы тәжірибесін тоқтататын кез келді деп бастама көтерген «жаңа Қазақстан» идеясы арасында қарама-қайшылық туып тұр.

Олигархиялық кланды биліктен түпкілікті кетіруді, ұрланған байлықты қайтаруды және экономиканы ел мен халықтың әлеуметтік қажеттіліктеріне қызмет етуге жұмылдыруды талап еткен қаңтар оқиғасы ескі биліктің зардабынан пайда болды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қоғам мен билік арасында жаңа қарым-қатынас орнату әрекеті олардың мүдделеріне сай келмеді. Міне сондықтан активтерді қайтару және оны халыққа табыстау – күн тәртібінде тұрған аса маңызды мәселе. Ел-жұрт активтерді қайтару процесінде биліктен жылдам әрі батыл қадамдар күтуде.

Осы орайда Президенттің пәрменімен арнайы комиссияның құрылуы және активтерді қайтару туралы арнайы заң шығатынын айтқан Тоқаев мырзаның уәдесі ел азаматтарына біраз сенім ұялатты. Бірақ сол комиссияның тарапынан ешбір нақты әрекет көрінбейді. Егер бірен-сараң бірдеңе істеліп жатса, бұл бізден, қоғамдағы азаматтардан кұпия өтуде.

Халық атынан тікелей сайланған депутат ретінде ең алдымен құқық қорғау органдары қызметкерлеріне ескерту жасағым келеді.

Сіздер «ескі Қазақстанды» билеген әулет пен оның жақындары бақылаған кеден бекеттерінде арнайы астыртын салық режимін қамтамасыз еттіңіздер! Енді бұлай болмайды. Біз халықтың көмегімен сіздерді жіті бақылайтын боламыз.

Бұл мәселеде біз Президенттің бастамасымен одақтаспыз немесе бұл істе Президент бізге – депутаттарға толықтай арқа сүйей алады.

Дегенмен ескі кадрлардың саботажы ма, жоқ әлде ұлттық экономикалық мүддеге қарсы жасалып отырған қастандық па, капиталды қайтару ісінде түсініксіз кібіртік көп.

Мәселен, Латвия құқық қорғау органдары Қазақстанның жекелеген азаматтары салықтан жалтарды және Қазақстаннан заңсыз шығарылған активтер есебінен Прибалтика аумағында мүлік сатып алуда деген күдік келтіруде.

Бұл арадағы сөз Қайрат Боранбаев тұрғысында болып отыр. Дей тұрғанмен, Боранбаев жуықта жеңіл-желпі баптармен сотталып кетті, бірақ оған қатысты өте ірі істер қалтарыс қалды. Тиісті органдар Боранбаевтың Латвия мен Еуропа елдеріндегі қызметін, оның отбасы мен компанияларына жазылған активтерді тексермеді. Неге тексермеді?

Боранбаевтың келіншегі өз атына жазылған бизнес-ұшақты сатып жібергені сіздерге белгілі ме? Маман-эксперттердің айтуына қарағанда, бұл ұшақтың нарықтағы құны 30 миллион долларға дейін бағаланады. Ол әйел мұндай сомадағы ақшаға қалай ие болды?

Біздің елдің тиісті органдары осы сауда-саттықты біле тұра, ұшақтың қандай қаржыға сатып алынғанын анықтағанға дейін бұл активті «мұздатып» қоюға неге әрекет жасамады?

Мен бұл арада бір Боранбаевты мысалға алып, активтерді қайтару мәселесіндегі түсініксіз жалпы жағдаяттарды айтып отырмын.

Сол сияқты «Jusan bankтың» иелері Қазақстаннан шығарған ірі көлемдегі қаражат батыс елдерінің бірінде «мұздатылғаны» бізге тағы да белгілі.

Осыған байланысты Үкімет не істемек? Тиісті тергеу органдарын жұмылдырып, «Jusan bank» олжалаған ақшаның ізіне түсе ме, жоқ, әлде тағы да көзжұмбайлыққа салына ма? Бас прокуратурамен арнайы комиссия төрағасының орынбасары Ұлан Байжанов мырза бұл процесті бақылауға ала ма?

Бұл сұрақтарды нақтылап отырған себебім – ұрылар жымқырған қаржысын басқа жаққа тығып үлгерсін деп бүгінгі билікте оларға мұрша беріп отырған біреулер бар сияқты.

Біз ұрланған активтерді қайтару туралы заңды бірінші кезекте қабылдауды басты мақсат етіп отырмыз. Осы заңның арқасында біз капиталды қайтаруды неғұрлым тиімдірек бақылауға ала аламыз.

Әлихан Асханұлы! Сіз Үкімет басына жаңадан келген басшы емессіз, бұған дейінгі министрлер кабинетін басқардыңыз. Ендеше Президент Тоқаев 31 наурызда дайын болсын деп Үкіметке тапсырған заң жобасын дайындау ісі созылып кеткенін сіз қалай түсіндіресіз?

Елден ұрланған миллиардтар туралы сөз болғанда тағы келесі сұрақтар туындайды.

«Қазақмыс» компаниясы қазақ халқына тиесілі қазба байлықтың 30 пайызына қалай ие болды?

Сол сияқты құрамында назарбаевтық кланның үлесі бар «Еуразиялық топ» халықтық байлықтың 40 пайызын қалай иемденіп кетті? Аталған осы екі компания соңғы он жыл көлемінде қазынаға қанша салық төледі?

Осы кәсіпорындардың өндірістік-қаржылық қызметін қадағалауы тиіс «Самұрық-Қазына» Ұлттық қоры капиталды қайтару тақырыбында қандай әрекеттер жасады?

Осы сұрақтарға байланысты Үкіметтік түсініктеме жауапты жазбаша түрде қайыруыңызды сұраймын.

Депутат Е. Бапи.

Бұл депутаттық сауалды депутаттар Қазыбек Иса, Абзал Құспан, Ринат Зайытов, Жанарбек Әшімжан қолдайды». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Смирнова Ирина Владимировнаға беріледі.

СМИРНОВА И.В. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Запрос депутатов Народной партии Казахстана адресован Премьер-Министру страны.

«Статья 27 Конституции страны гласит: детство находится под защитой государства. Таким образом, дети-сироты, дети, оставшиеся без попечения родителей, находятся под опекой государства.

Выпускники детских домов, патронатных семей, которые подросли и выходят в самостоятельную жизнь, не имеющие своего жилья, должны им обеспечиваться от имени государства. Такое право должно быть безусловным.

Сегодня 62 тысячи 351 человек, являющиеся сиротами и ставшие уже взрослыми, стоят в очередях, ожидая свой шаңырақ. За весь период независимости выделено всего 8 тысяч 444 единицы жилья. И это не только бесплатное жилье, но и то, что приходится

выкупать. То есть даже те, кто стоит сегодня в очереди, при нынешних подходах и положении дел получают жилье или право его выкупить по различным программам только через 120 лет!

Вместе с тем сведения об обнаружении 1,5 тысячи неучтенных квартир в небольшом Петропавловске, факты незаконного распределения жилья, предназначенного для социально уязвимых категорий граждан, госслужащим в Караганде и другие сведения наталкивают на мысль, что жилье для сирот есть, но выпускать его из рук чиновники не хотят.

Конечно, это несправедливо для граждан нашей богатейшей страны, ставших сиротами в силу разных трудных обстоятельств.

Надо помнить, одна из наивысших степеней ценности и доказательства человечности и сострадания – это забота о сиротах. «Тому из вас, кто ласково погладит сироту по голове, даруется награда по числу его волос», – гласит мудрость.

Народная партия Казахстана предлагает в срочном порядке рассмотреть возможность обеспечения жильем данной категории граждан страны через применение жилищных ваучеров, прямое обеспечение жильем, арендное жилье с правом приватизации и другие методы.

Государство должно вернуть долг своим детям.

Кроме того, уверены, что из возвращенных в страну в последнее время 670 миллиардов тенге, незаконно выведенных за рубеж, будут найдены возможности для обеспечения жильем всех сирот в кратчайшие сроки». Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Бейсенбаев Ержан Алмабекұлына беріледі.

БЕЙСЕНБАЕВ Е.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

«Ақ жол» фракциясының депутаттық сауалы Премьер-Министрдің орынбасары Жамаубаевқа.

«Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында бөлшек сауда салығын оңтайлы мөлшерлеме мен қарапайым рәсімдер арқылы кеңейтуді тапсырды.

Сонымен қатар ол әділ экономиканың элементі ретінде сараланған (дифференциалды) салық салуға көшуді талап етті.

Бөлшек сауда салығы бойынша өзгерістер 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. Алайда тәжірибе мен шағын кәсіпкерлердің «Ақ жол» партиясына жолдаған көптеген өтініштері көрсетіп отырғандай, бөлшек сауда салығын қазіргі қалпында енгізу Президент алға қойған міндеттерді шеше алмады.

Мәселен, егер бұрын арнайы салық режимінде шағын бизнес 3 пайыз төлесе, енді 4 пайыздан 8 пайызға дейін төлеуі тиіс. Яғни, шағын бизнес үшін жеңілдіктің орнына салық салмағы арта түсті.

Иә, мәслихаттар мөлшерлемені 2 пайызға дейін төмендетуге құқылы, бірақ билік жергілікті бюджетті арттыруға мүдделі болғандықтан, мұндай төмендету әзірге ешбір өңірде қабылданған жоқ.

Бөлшек сауда салығын қолдану үшін шекті мөлшерлеме 2 миллиард теңге (600 мың айлық есептік көрсеткіш) болып белгіленген, бірақ бұл шағын бизнес үшін емес, ірі сауда желілері үшін жасалған жеңілдік. Яғни, ешқандай салық жүктемесі сараланған жоқ.

Егер бұрын арнайы салық режимі бойынша шағын бизнесте есепті қарапайым формада өткізетін болса, енді бөлшек сауда салығы бойынша жеке және заңды тұлғалар үшін бөлек есеп жүргізіп, электронды шот-фактуралар толтырып, есепші жалдау қажеттілігі туындайды. Жалпы, есеп беру қиындап, әкімшілік шығындар артады.

Мұндай шарттардан қарапайым кәсіпкерлер емес, ірі сауда компаниялары мен желілер пайда табады. Сонда әділ салық қайда қалды?

«Ақ жол» партиясы салық реформасы аясында «пайдаң болмаса да зиян келтірме» деген медициналық қағидатты ұстануды талап етеді. Кез келген салықтық өзгерістерде шағын және орта бизнестің қазіргі жағдайын нашарлатуға болмайтыны ескерілуі керек.

Бөлшек сауда салығын енгізуге байланысты туындаған мәселелерді жою үшін келесі шешімдер нұскасын қарастыруды ұсынамыз.

1-нұсқа – шағын және микробизнес үшін (айналымы 100 мың айлық есептік көрсеткішке дейін) бөлшек салықтың қосымша градациясын енгізу және оны тікелей заң жүзінде 2 пайыз деңгейінде белгілеу.

2-нұсқа – бөлшек сауда салығының қазіргі түрінен бас тартып, арнайы салық режиміне қайта оралу, бірақ ол үшін қосымша құн салығы шегін 30 мың айлық есептік көрсеткішке дейін жеткізіп, бұл шекті 100 мыңға көтеруді қарастыру.

3-нұсқа – «Ақ жол» партиясының шағын және микробизнесті патенттік жүйеге көшіру, ол үшін патент бойынша айналым шегін 30 мың айлық есептік көрсеткішке дейін арттыру және бес қызметкерге дейін жұмысқа қабылдауға рұқсат беру туралы ұсынысын қайта қарастыру.

Құрметпен «Ақ жол» фракциясының депутаттары».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Барлыбаев Ерлан Хайланұлына беріледі.

БАРЛЫБАЕВ Е.Х. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Депутатский запрос фракции «Ак жол» адресован заместителю Премьер-Министра Жумангарину.

«Как известно, масличные культуры занимают важное место в деятельности отечественных сельхозтоваропроизводителей.

20 января 2023 года приказом Министра национальной экономики была введена экспортная пошлина на семена подсолнечника – до 20 процентов, но не менее 100 евро за тонну.

24 апреля на площадке Демократической партии «Ак жол» по просьбе ряда сельхозтоваропроизводителей из восточных регионов состоялся «круглый стол» по проблеме экспортной пошлины на семена подсолнечника и экспортной политики в отношении семян сорта «Пионер».

По утверждению фермеров, использование данного сорта семян для изготовления подсолнечного масла нерентабельно, поэтому он применяется исключительно в кондитерском производстве и в этом качестве поставляется на экспорт в Китай.

Как указывают предприниматели, только в одной Абайской области построено 18 производств по переработке данного сорта семян, создано более 2 тысяч рабочих мест, закуплено 135 единиц оборудования, многое приобретено в кредит под залог собственного имущества. Однако, по мнению бизнеса, взимание госпошлины делает предприятия убыточными, а закупленное оборудование – неокупаемым.

В свою очередь, Министерство торговли и интеграции ссылается на трудности идентификации сорта семян. Кроме того, выделение указанного сорта семян в отдельный код товарной номенклатуры требует длительного согласования с партнерами по ЕАЭС.

К сожалению, несмотря на официальное уведомление о планируемой встрече, представители Министерства сельского хозяйства уклонились от обсуждения вопроса, находящегося в их непосредственной компетенции.

Между тем, как сказано выше, эта проблема затрагивает значительный круг сельхозтоваропроизводителей и их коллективы.

На основании изложенного депутатская фракция «Ак жол» предлагает:

1) изучить доводы предпринимателей о рентабельности переработки семян сорта «Пионер» в растительное масло, в случае подтверждения – принять меры по выделению семян подсолнечника сорта «Пионер» в отдельный код товарной номенклатуры;

2) рассмотреть вопрос об отмене либо снижении размера экспортной пошлины на данный вид семян.

С уважением, депутаты фракции ДПК «Ак жол».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сүлейменова Жұлдыз Досбергенқызына беріледі.

СҮЛЕЙМЕНОВА Ж.Д. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

«AMANAT» партиясы фракциясының депутаттық сауалы Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Смайыловқа бағытталады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Мемлекет басшысы жоғары білімге қолжетімділікті арттыруға және университет инфрақұрылымын дамытуға үнемі басымдық беруде.

Осы ретте «AMANAT» партиясы сайлауалды үгіт-насихат кезінде сауатымызға сәуле шашқан, ұлт ұстаздарының ұясы, Алаш арыстары Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлының туған жері – Торғай өңірі, Арқалық қаласына арнайы барып, халықпен кездесіп, ұсыныстарын тыңдап, сайлауалды бағдарламаға қосқаны баршамызға белгілі.

Осы орайда «AMANAT» партиясының фракциясы 50 жылдық тарихы бар ұлтымыздың ұлы тұлғасы Өзбекәлі Жәнібековтың қолтаңбасындай болған Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтын дамытуға байланысты келесі ұсыныстарды енгізеді.

Бірінші. Қазақстан Республикасының Үкіметі Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтына университет статусын беру жұмыстарын ұйымдастырсын. Бұл оқу ордасының білім беру, ғылымды дамыту,

халықаралық ынтымақтастықты арттыруымен қоса Астана қаласы, Ақмола облыстары үшін сапалы ұстаздар даярлауға, педагогтардың тапшылығын шешуге мүмкіндік береді.

Екінші. Институтқа магистратура, PhD докторантура ашу қарастырылсын. Бакалавриат деңгейіндегі білім беру бағдарламаларына арнайы педагогикалық квота берілсін. Институттың материалдық-техникалық базасын нығайтуға, педагогикалық зертханалар, инновациялық методикаларды енгізу орталықтары, инклюзивті білімге ұстаздарды даярлайтын әдістемелік орталық, жатақхана және оқу корпустарының ғимараттарына республикалық бюджетті бекіту кезінде нақты шаралар қабылдансын.

Үшінші. Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты негізінде академиялық артықшылық орталығын ашу жұмыстары жеделдетілсін.

Құрметпен «АМАНАТ» партиясы фракциясының депутаттары». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Наумова Динара Рустамқызына беріледі.

НАУМОВА Д.Р. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Депутатский запрос адресован заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Кульгинову.

«Уважаемый Алтай Сейдирович! Охрана здоровья граждан является одной из основных задач социально ответственного государства. Сегодня в области здравоохранения имеется очень много проблем, требующих управленческих решений. Одной из наиболее важных является рост численности онкологических заболеваний.

По данным Казахского научно-исследовательского института онкологии и радиологии, ежегодно в стране более 35 тысяч казахстанцев заболевает раком, умирает более 14 тысяч человек, на учете состоят 200 тысяч казахстанцев. В динамике за последние 20 лет онкологическая заболеваемость увеличилась в среднем на 25 процентов. В стране смертность от онкологии является одной из лидирующих и занимает третье место.

Несмотря на принимаемые государством меры, все еще не достигнут прогресс в борьбе с этой болезнью, требуется усиленная работа в данном направлении.

Кроме того, на сегодняшний день в недостаточной мере проработаны вопросы, касающиеся реализации прав лиц с онкологическими заболеваниями. В действующих нормативных правовых актах не в полном объеме отражены вопросы охраны здоровья онкобольных, гарантированной Конституцией страны. Все это служит поводом для социального напряжения в обществе и вынужденного обращения населения к институтам власти.

Так, в мой адрес и во фракцию партии «Respublica» ежедневно поступают многочисленные обращения от граждан с онкологическими заболеваниями с просьбой оказать содействие в решении их проблем.

В частности, гражданами справедливо поднимаются вопросы реабилитации лиц, имеющих онкологические заболевания. Согласно приказу Министра здравоохранения и социального развития №26 от 22 января 2015 года «О некоторых вопросах абилитации и

реабилитации лиц с инвалидностью», лицам с онкологическими заболеваниями не предоставляются данные услуги. Такая дискриминация напрямую нарушает конституционные права граждан с онкологией, в том числе имеющих инвалидность.

Отдельно хотелось бы отметить процесс присвоения инвалидности лицам с онкозаболеваниями, который вызывает очень много недовольств у населения. Согласно статистике, в стране более 40 тысяч онкобольных имеют инвалидность, из них только у 16 тысяч (то есть 40 процентов) инвалидность бессрочная. Остальные 60 процентов онкобольных ежегодно вынуждены доказывать свою инвалидность, несмотря на то, что многие лишены или частично лишены отдельных органов. Известно, что в случае неподтверждения инвалидности онкобольные лишаются всех льгот, предусмотренных законодательством.

Также из-за последних изменений в протоколах лечения пациентам приходится сдавать анализы каждый раз перед получением химиотерапии. Складывается впечатление, что сотрудники системы здравоохранения защищают свои действия, чтобы избежать ответственности. И без того ослабленный и измученный болезнью организм может дать сбой, не выдержав постоянных болезненных процедур, результаты которых приходится ждать еще некоторое время, а ведь при лечении каждая секунда дорога.

Такие действия вызывают недоверие наших граждан к отечественной медицине. Отсутствие единых подходов и стандартов приводит к дисбалансу в бизнес-процессах оказываемых услуг.

В связи с чем с целью защиты прав лиц с онкологическими заболеваниями необходимо пересмотреть некоторые подходы в организации лечения и диагностики онкозаболеваний.

На основании вышеизложенного предлагаем:

- 1) создать рабочую группу для всестороннего изучения проблем онкобольных и внести конкретные предложения по защите их прав;
- 2) разработать программу санаторно-курортной реабилитации лиц с онкологическими заболеваниями с учетом медицинских противопоказаний по всем видам онкозаболеваний;
- 3) совместно с общественностью пересмотреть законодательство об установлении инвалидности на предмет упрощения и, возможно, даже упразднения некоторых бизнес-процессов и протоколов лечения.

С уважением, депутаты фракции «Respublica».

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Стамбеков Ерлан Дәулетұлына беріледі.

СТАМБЕКОВ Е.Д. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Наш депутатский запрос адресован Премьер-Министру, Генеральному Прокурору и Председателю Национального Банка Республики Казахстан.

«В своем выступлении на расширенном совещании по вопросам социально-экономического развития страны Глава государства отметил, что нам необходимо

сконцентрироваться на улучшении качества жизни граждан. Человек, его конституционные права и свобода должны стать нашим главным ориентиром.

Сегодня мы хотим обратить ваше внимание на одну из самых главных проблем – это проблема закредитованности населения. Уровень и объем просроченных обязательств наших граждан превышают все мыслимые пределы.

Только вдумайтесь, за 2022 год, по данным Национального Банка, объем просроченной задолженности в портфеле банков только по физическим лицам вырос на 45 процентов – с 609 миллиардов тенге до 883 миллиардов тенге, а на 1 марта прирост составил 26 процентов и достиг 1 триллиона 110 миллиардов тенге, из которых объем просроченных займов, по которым нет оплаты свыше 90 дней, составил 45 процентов от общего объема просроченных займов, или 504 миллиарда тенге. И это без статистики по ломбардам, кредитным товариществам, МФО и коллекторским агентствам.

Более того, вследствие отсутствия должного контроля со стороны Агентства по регулированию и развитию финансового рынка за их деятельностью мы не имеем возможности сделать качественную оценку их работы с проблемными займами.

Сегодня также сложился почти черный рынок купли-продажи проблемного ссудного портфеля между финансовыми организациями и коллекторскими агентствами без участия самого заемщика.

Самоустранение финансовых организаций от проблемы интернет-мошенников скрывает информацию об их реальном количестве.

Жертвы, на которых они оформили кредиты, признаются потерпевшей стороной, но финансовые организации и коллекторские агентства продолжают взыскивать деньги через аресты и угрозы, а органы следствия редко раскрывают такие преступления.

Необходимо поднять вопрос о признании финансовой организации солидарно потерпевшей стороной наравне с физическим лицом.

При проведении процедур взыскания институтами частного судебного исполнения и нотариата ежедневно нарушаются законы, однако органами юстиции не только игнорируются, но и в некоторых случаях покрываются данные нарушения.

Что касается частных судебных исполнителей, то ими производится взыскание денежных средств, полученных должниками в виде социальных пособий, и есть факты, когда судебные исполнители знали о том, что взыскивают социальные выплаты.

Почему Министерство труда и социальной защиты не принимает должного участия в этом вопросе, не предлагает изменений в действующее законодательство, в частности, по снижению с 50 до 30 процентов порога взыскания с заработной платы, если она ниже средней по Казахстану, не чувствует в разработке рекомендаций по вопросу выдачи кредитов и взыскания по категориям социально уязвимых слоев населения и военнослужащих срочной службы?

Заслуживает отдельного упоминания практика урегулирования в правовом поле данных вопросов. Складывается устойчивое впечатление, что судебная система правоприменения в основном защищает интересы финансовых институтов. В нашей стране исчезает практика признания кабальных сделок недействительными, вследствие чего люди вынужденно выплачивают непосильные кредиты без права оспаривания.

Микрофинансовые организации зарабатывают сотни миллионов, выдавая мелкие займы, ловко используя такой инструмент, как гарантия продления, когда в некоторых случаях гражданин, оформивший 100 тысяч тенге, отдает через такой инструмент до 500 тысяч тенге сверху. Таким образом, получается, что у нас узаконено рэкети́рское право финансового беспредела.

К сожалению, принятый закон о банкротстве вызывает сомнения в работоспособности и эффективности, так как на сегодняшний день подано 46 тысяч заявлений на банкротство, из которых приняли только 5 тысяч, а отказано 32 тысячам граждан.

Ситуация с кредитами и просрочками каждый день давит на наших соотечественников. Это подлинное экономическое рабство, в котором оказались миллионы наших граждан.

Мы можем привести еще очень много примеров, где права заемщиков грубо нарушаются, а интересы не учитываются, но лимит выступления не позволяет озвучить все, как и не позволяет мне зачитать 25 конкретных рекомендаций и предложений для Правительства, Генеральной прокуратуры и Национального Банка. Поэтому детализированный запрос мы направляем в письменном виде.

Главное в этих рекомендациях – это то, что пришло время, наконец, переходить к реальным изменениям в этой сфере. В противном случае мы своими руками создаем предпосылки, когда, перефразируя Карла Маркса, можно констатировать: скоро нашим гражданам будет нечего терять, кроме своих кабальных кредитов и хитро, сложно придуманных обязательств.

Полагаем, что эту озабоченность разделяют и финансовые организации.

Мы за цивилизованный, четко регламентированный законодательством, равноправный и сбалансированный рынок кредитования и других финансовых услуг с учетом интересов не только финансовых организаций, но и простых граждан нашей страны.

Депутаты Е. Стамбеков, Р. Кожасбаев».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сағындықова Ажар Бақытқызына беріледі.

САҒЫНДЫҚОВА А.Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті депутаттар! Депутатский запрос адресован заместителю Премьер-Министра Кульгинову, Министру просвещения Бейсембаеву, Министру здравоохранения Республики Казахстан Гиният.

«Тема инклюзивного образования стоит на повестке дня красной строкой. Сейчас в стране более 162 тысяч детей с особыми образовательными потребностями, или 3 процента от общего числа детей, требуют особого подхода к образовательному процессу.

Всем детям должно быть доступно образование в силу их способностей и возможностей. Главный принцип включения inclusion в образовательный процесс заключается в доступности, недопущении дискриминации, разумном приспособлении,

готовности. При этом не исключается, что некоторые дети могут обучаться в специальных школах.

Принципы инклюзии основаны на понятии особых образовательных потребностей и затрагивают интересы вообще всех детей, не вписывающихся в стандартные условия обучения и имеющих какие-либо трудности, связанные с обучением.

По мнению многих экспертов, главным препятствием для качественного инклюзивного образования в стране являются так называемые психолого-медико-педагогические консультации (ПМПК).

Количество ПМПК для особенных детей в Казахстане увеличилось на 45 процентов, несмотря на это, явно хромает качество их работы.

В 2015 году Казахстан ратифицировал Конвенцию о правах инвалидов, и этот документ гарантирует им право на качественное инклюзивное образование. При этом дети с особыми потребностями должны быть обеспечены необходимыми приспособлениями, в том числе учебными материалами на языке Брайля, преподаванием на языке жестов, а также ассистентами, которые смогут оказать необходимую помощь в усвоении учебного материала, уходе за собой и контроле поведения. Дети с особыми потребностями должны иметь возможность успешно учиться наравне с другими. Консультации ПМПК должны помогать детям с инвалидностью попасть в обычную школу, а не отрезать им путь туда.

Исходя из вышеизложенного, считаем, что необходимо реформировать работу ПМПК и сделать так, чтобы заключение ПМПК перестало быть де-факто обязательным условием для зачисления ребенка с особыми потребностями в общеобразовательную школу. Работу ПМПК следует переориентировать на определение форм поддержки, которые требуются ребенку для получения образования в общеобразовательной школе.

На депутатский запрос просим ответить в письменном виде в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

С уважением, депутаты фракции Общенациональной социал-демократической партии А. Сагандыкова, Н. Ауесбаев, А. Рахимжанов, Н. Сайлаубай, депутат фракции Народной партии Казахстана К. Сейтжан».

ЕСПАЕВА Д.М. Рақмет.

Сөз депутат Қалықов Арман Қобыландыұлына беріледі.

ҚАЛЫҚОВ А.Қ. Рақмет, құрметті Дания Мадикызы.

Менің сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайылов Әлихан Асханұлына бағытталады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! 2022 жылғы 5 қазанда Қарағанды облысының жұртшылығымен кездесуде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке жыл басында зейнеткерлік жасты төмендету, зиянды және жауапты өндірістердің қызметкерлеріне зиянды өтеу жөнінде нақты ұсыныстар беруді тапсырды.

В этой связи Министерством труда и социальной защиты населения Республики Казахстан была создана рабочая группа, должно было начаться обсуждение. Трудовые

коллективы подготовили предложения. Было даже проведено одно совещание. Но на этом все закончилось. Работа продолжилась в министерских кабинетах.

На многочисленные обращения профсоюзов есть десятки ответов, что предварительная работа ведется, обсуждение прошло, ведутся консультации, расчеты и так далее. И вот на днях выяснилось, что группа завершила свою работу, а ее результаты рассматриваются финансово-экономическим блоком Правительства.

Так кто в итоге работал в этой группе? Получается, что все обсуждения прошли в закрытом режиме, а представители работников были включены в рабочие группы только на бумаге.

В итоге на начало мая мы не видим ни одного предложения по вопросу пенсионного возраста от уполномоченного органа.

О результатах и вообще факте обсуждения второй проблемы – возмещение вреда работникам вредных и опасных производств – ничего неизвестно. Мы говорим о регрессниках.

Возмущение трудовых коллективов понятно. В слышащем государстве такие сложные и важные вопросы, решения которых ждут десятки тысяч людей, теряющих здоровье при исполнении своего профессионального долга, не должны решаться в кулуарах.

В связи с вышеизложенным просим Вас поручить Министерству труда и социальной защиты населения Республики Казахстан:

- 1) ускорить процедуру согласования механизмов ответственными государственными органами;
- 2) в решении проблем социально-трудовой сферы следовать принципу открытого и слышащего государства;
- 3) принять во внимание предложения представителей профсоюзов и экспертов;
- 4) незамедлительно провести заседание рабочей группы и обсудить возможные варианты решения проблемы.

Снижение возраста выхода на пенсию работников вредных и опасных производств – задача Предвыборной программы партии «AMANAT». Поэтому обсуждение предлагаем провести на нашей площадке.

С уважением, депутаты фракции партии «AMANAT». Спасибо.

ЕСПАЕВА Д.М. Рақмет.

Сөз Сейтжан Кенжеғұл Социалұлына беріледі.

СЕЙТЖАН К.С. Рақмет.

Мен осы мүмкіндікті пайдалана отырып, халқыма, әріптестеріме және Президентке саяси реформа жасағанына, мүгедектігі бар азаматтардың осындай жоғары мінберден өздерінің мәселелерін көтеруге мүмкіндік алғанына ризашылығымды білдіремін.

Депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайлов Әлихан Асханұлына жолданады..

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитетіне тиесілі мүгедектігі бар, көзі

көрмейтін азаматтарға арналған республикалық деңгейде үлкен кітапхана бар. Біздің депутаттық сауалымыз осы кітапхананың мәселесіне қатысты.

Бұл кітапхананы (2 мыңнан астам шаршы метр) 2008 жылдан бері «Қазақ соқырлар қоғамы» жалға алып отыр. Тендер арқылы жалға алынады. Кітапхананың қызметкерлері мен кітапхана оқырмандарының уайымы – тендер өткен кезде кітапхананың басқа жаққа көшіп кетуі.

Көшкен кезде Брайль шрифтімен жазылған 59 кітаптың, 101 мың аудиокітаптың жоғалып кету қаупі төнгендіктен бұл мәселе үш жылдан бері шешілмей келеді.

Бұл мәселе бойынша ақпанда, құрметті Әлихан Асханұлы, сіздің орынбасарыңыз Көлгінов Алтай мырза келген екен, бірақ екі айдан бері мәселе сол жабулы қалпында тұр.

Сондықтан кітапхананың ғимаратын сатып алып Үкіметке қайтаруды сұраймыз.

Бұл кітапхана үлкен жұмыс атқаруда. Тұңғыш рет Қазақстан деңгейінде Дүниежүзілік даму банктен грант алып, қазақ тілінің дамуына арнайы DAGZBERRY деген бағдарламаны қосып, осыны дамытуда. Бірақ жалда тұрғандықтан, ешқандай мәселесі шешілмегендіктен қазақ балаларына арналған кітаптар шықпай жатыр. Қазақстанда 3 мыңға жуық көзі көрмейтін азаматтар бар, Брайль шрифтімен оқиды. Брайль шрифтінің жоқтығынан мен өз басым қазақ тілінде дұрыс оқи алмаймын, ал орыс және ағылшын тілдерінде таза оқимын.

Сондықтан кітапхананың және осы кітапханадағы баспаның дамуына көмек көрсетулеріңізді сұраймыз.

Құрметпен Қазақстан халық партиясы фракциясының депутаттары». Рақмет.

ЕСПАЕВА Д.М. Рақмет.

Сөз Иса Қазыбек Жарылқасынұлына беріледі.

ИСА Қ.Ж. Рақмет, құрметті Дания Мәдиқызы.

«Ақ жолдың» депутаттық сауалы Премьер-Министрдің орынбасары Көлгіновке, Мәдениет және спорт министрі Ораловқа.

«Елімізде енді шоу қара алтынымыз мұнайдан емес, саф алтынымыз – рухани өнер саласынан шықты.

Мәдениет және спорт министрлігінің Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығында дау болып жатыр. Кино орталығынан шыққан «кино» небір детективті фильмдеріңізді жолда қалдырады. Өйткені 2023 жылғы мемлекеттік қаржылық қолдау конкурсына бақандай 153 киножобаны қатыстырмай тастаған. Барлығы 283 жобадан қабылдағаны тек 130-ы ғана. Бұл жартысынан астамы далада қалды деген сөз.

Бұл бұрын-соңды болмаған эксцесс! Бұл жылдарға дейін 1 пайыздан 5 пайызға дейін құжат қабылданбайтын болса, ал бұл жолы он еседен де асып түсіп, 60 пайызға жуық болып отыр. Яғни 153 жоба сарапшылар кеңесіне жете алмай, әділ бағасын ала алмай жолда қалып отыр.

Батыраштың балтасына ұшыраған бір емес, 153 жоба егер жолы болып өндіріске кетер болса, оларда істейтін адамдарды 30-дан 60-қа дейін есептесек, 10 мыңға жуық адамның тағдыры. Ерекше назар аударатынымыз, далада қалған бұл жобалардың ішінде

былтыр сарапшылар кеңесі «Ең үздік сценарий» деп бағалаған режиссер Азамат Шарғынның «Шырмауық» секілді фильмдері де бар.

Егер Мәдениет және спорт министрлігі бұл дауды тезірек шешпесе, Ұлттық киноны қолдау орталығы ұлттық киноны қорлау орталығына айналып кете бере ме? Бұл мәдениетті қолдауға баса назар аударып отырған Президент Тоқаевтың әділетті Қазақстан саясатына қарсы жасалып жатқан саботаж емес пе? Өйткені қай кино туындының да бағасын орталықтағы құжат қабылдаушылар емес, сарапшылар кеңесі беруі тиіс.

Мәжілістің бір топ депутаттарына келген елу шақты киногерлер қол қойған арызға қарасақ, Ұлттық киноны қолдау орталығында жасалып жатқан кедергілер өте көп.

Бірінші. Орталық өздерінің ішкі ережесін аяқ астынан өзгертіп тастап, еліміздің үш заңын бұзып отыр. Бұл – бәсекелестік туралы заң, кино туралы заң және тіл туралы заң. Егер әркім кино орталығы секілді өз білгенін істеп, ішкі ережесін өздеріне қажетті қылып өзгертіп ала берсе, онда Парламент бұл жерде не үшін заң шығарып отыр?

Екінші. Орталықтың жауапты қызметкерлері жауапсыздық танытып, іріктеу бойынша ешқандай хаттама жасамаған. Бұл өрескел заң бұзушылық және кері қайтарылған 153 жобаның әділ шеттетілгеніне күмән туғызады. Олардың хабарламаларында қателіктер көп. Ережелердің баптары сәйкес емес. Фильмдердің түрлері шатасып кеткен. Мысалы, көркемсуретті фильмді «анимациялық фильм» деп жазады. Уақытында тапсырылған және журналға тіркелген жобаның иесіне сіздердің жобаларыңыз қабылдау мерзімінен кейін түсті деп жалған жазылған.

Үшінші. Ресми хатта жазылғандай, киноны қолдау орталығында кино саласының маманы жоқ. Бұл ауруханада дәрігер жоқ дегендей сұмдық жағдай емес пе. Яғни, біздің киноларымыздың ұлттық, рухани қуаты әлсіз, шалажансар күйде, шала тілде болып шығатыны осыдан шығар. Киноөндірісте кәсіби біліктілігі жоқ мамандар жұмыс істейді, соның негізінде қателіктер жиі орын алады дейді арызданушылар.

Төртінші. Ашық қорғауға өткен 130 жобаның ішінде, жұртқа мәлім болғандай, он шақты жобаның құжаты тура өтпей қалған жобалардың құжатындай толтырылса да қабылданған. Бұл дегеніміз жобалардың қабылдануы тамыр-таныс, бармақ басты, көз қыстымен алдын ала келісілген жүйеде өтті деуге негіз бар дейді хатта.

Бесінші. Құжат қабылдау кезеңінде ішкі ережелерді өзгерту туралы бұйрық 10 наурызда шыққан, ал құжат қабылдау 6 наурызда басталып кеткен. Сонда ішкі ережелерді өзгерту құжат қабылданып кеткен соң бес күннен кейін шығып отыр. Қайтарылған құжаттардың көбісі осы ережеге негізделген.

Жоғарыда келтірілген осы дәйектер негізінде бұл қиын жағдайдан шығудың жолдарын ұсынамыз.

Бірінші. Тәуелсіз комиссия құрылып, орталық қабылдаған 130 жоба мен қабылдамаған 153 жобаны салыстырып, тексеріс жүргізілуі тиіс.

Екінші. Келешекте мұндай жағдай мен қарама-қайшылықтар болмау үшін ашық конкурстық қабылдау жасауымыз керек. Ал бұл ашық конкурстың іріктеу ережелеріне өз ұсыныстарымызды жазбаша жібереміз.

Құрметпен «Ақ жол» фракциясы». Рақмет.

ЕСПАЕВА Д.М. Рақмет.

Сөз депутат Серіков Таңсәуле Ғабдыманапұлына беріледі.

СЕРІКОВ Т.Ғ. Рақмет, құрметті Дания Мәдиқызы.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Алтай Сейдірұлы Көлгіновке.

«Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасындағы балалардың инклюзивті қоғамын дамыту проблемасына қатысты.

Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде танытатын кез келген басқа ел сияқты адами құндылықтарды, сапалы өмір сүру мүмкіндігін, адам құқықтарын сақтауды және жеке тұлға ретінде өзін-өзі іске асыру үшін толық еркіндік беруді өзінің басымдығына қояды.

Адам баласы дүниеге келгенде бақытты боламын, бақытты ғұмыр кешемін деп келеді, алайда мүгедектік басыңа берілген соң тағдырдың жазуына не шара? Көнбеске шара жоқ. Бірақ бір қуанышты жағдай – ол Қазақстандағы көптеген мүгедектігі бар жастардың өмірге деген құштарлығы, бейімделуге ұмтылысы өте жоғары. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев мүгедектігі бар тұлғаларды барынша жан-жақты қолдау көрсетуіміз керек деп әр Жолдауында аса назар аударып айтып келеді, соның айғақ көрінісінің бірі – мүгедектігі бар тұлғалардың Парламент қабырғасында болуы.

Кез келген бала көп нәрсені түсініп, үйренуі керек, ал мүгедектік жаңа нәрсені түсінуге кедергі болады. Мүгедектігі бар балалар өздерін толық сезіну мүмкіндігінен айырылмауы керек, олардың жағдайлары сау балалармен бірдей болуы керек. Мүгедектігі бар баланың қоғамға толық бейімделуінің бір мүмкіндігі – сауықтыру, спортпен айналысу.

Елімізде жоспарлы түрде іске асып жатқан «Ауыл – ел бесігі» Үкімет бағдарламасының алға қойған мақсатының бірі ауыл тұрғындарының әлеуметтік қызметке қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

Дегенмен «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасында ауыл жастары мен мүгедектігі бар балаларға арналған сауықтыру орталығы мен бассейн салу ескерілмеген.

Бүгінгі таңда ауылдарда, аудан орталықтарында аталмыш сауықтыру орталығы жоқтың қасы. Ал көптеген дертке дауа болған бассейн орталықтары ауыл тұрғындары үшін мүлдем арманға айналған. Соның салдарынан ауыл жастары, мүгедектігі бар балаларды асырап отырған ата-аналар қалаға, облыс орталықтарына баруға мәжбүр, тиісті ем-шараларды, сауықтыру процедураларын қала орталықтарында алып жатыр.

Бірақ бұл жерде де жағдай мәз емес. Мүгедектігі бар балалардың бассейнге жаттығуына қатысты қаражат жергілікті бюджеттен ғана қарастырылады. Мысалы, Ақтөбе қаласында ағымдағы жылдың ақпанынан бастап мүгедектігі бар балалар жүзуге бармайды, өйткені бөлінген қаражат таусылып қалған.

Бағдарламаны жалғастыру үшін қосымша қаржыландыру қажет. Қосымша қаражат бөлу жөніндегі бюджеттік өтінім ағымдағы жылдың сәуірінде ғана мәслихат сессиясында қаралады. Сәуірде сұраныс мәслихатта оң шешімін тапқан күннің өзінде мәселе толыққанды жүзеге маусым-шілде айларында ғана асады. Сонда мүгедектігі бар бала жарты жылға жуық сауықтыру шараларын алмайды деген сөз.

Мемлекеттік органдарда келесі жылға бюджет қаражаты салынатын мүгедектігі бар балалардың деректері толыққанды бар, алайда бөлінген ақша қаражаты жыл басында

аяқталып қалады. Қаражатты толық бір жылға бюджеттен қарастыруға не кедергі? Бұл мүгедектігі бар балаларға жасалған қиянатпен бірдей.

Енді қала, облыс орталықтарында осындай жағдай орын алса, ауылдың жағдайы не болмақ, ауылдағы аталған мәселе қалай шешіlmек?

Құрметті Алтай Сейдірұлы! Президенттің мүгедектігі бар тұлғалардың мүддесіне қатысты тапсырмасы қатаң орындалуы тиіс.

Жоғарыда аталған мәселеге қатысты:

1) 2023 жылға нақтыланған республикалық бюджетте «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасына қарастырылған қосымша 55 миллиард теңге, сондай-ақ «2023 – 2025 жылдарға арналған жалпы трансферттер көлемі туралы» Заңда 2023 жылға арналған әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымы объектілерін күрделі және орташа жөндеуге қарастырылған 102,2 миллиард теңге қаражат есебінен аудандық, ауылдық орталықтарында сауықтыру, бассейн кешендерін салуды қолға алу қарастырылсын;

2) мүгедектігі бар балалардың бассейнге жаттығуына, сауықтыру шараларына бір жылды толық қамтитын бюджет қаражатын бөлу қарастырылсын;

3) 2022 жылға бекітілуі тиіс бюджет қаражатын дұрыс бөлмеген қызметкерлердің жауапкершілігі туралы мәселені көтеру, сондай-ақ мұндай фактілерді болдырмау үшін шаралар қабылдансын.

Жауапты заңнамада белгіленген мерзімде жазбаша нысанда ұсынуыңызды сұраймын.

Құрметпен «Ауыл» партиясы фракциясының мүшелері». Рақмет.

ЕСПАЕВА Д.С. Рақмет.

Сөз депутат Балабиев Қайрат Рахымұлына беріледі.

БАЛАБИЕВ Қ.Р. Рақмет, құрметті Дания Мадикызы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Серік Мақашұлы Жұманғаринге.

«Депутаттық сауалдың себебі – Түркістан облысындағы көкөніс өсіретін жылыжай өндірістерінің жағдайы.

Түркістан облысы жылыжай көкөнісін өндіру бойынша еліміздің жетекші өңірлерінің бірі, республика жылыжайларының 67 пайызы облысқа тиесілі. Ағымдағы жылдың қаңтарындағы қалың қарға төтеп бере алмаған жылыжайлардың 94 пайызы шаруалардың өз күшімен салынған жеңіл құрылыстар екен. Қожалықтар шығынын тез өтеу үшін оларды мүмкіндігінше арзан етіп жасайды. Мемлекет тарапынан төмен пайыздық ұзақ несиелер болса, шаруалар жылыжайларды талап етілетін стандарттар мен технологиялар бойынша сала алады.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы республика көлемінде жылыжайда өндірілетін қызанақ пен қияр өсіру 72 мың тоннаға төмендеген.

Елімізде күнделікті пайдалынатын көкөніс өнімдерінің жеткіліксіздігіне байланысты импортқа тәуелдіміз. Талдаушыларының айтуынша, Қазақстаннан экспортқа шығарылған көкөніс өнімдерімен салыстырғанда шетелдерден кіргені он есе көп.

Сондықтан мемлекет тарапынан тұрақты қолдау жасап, ішкі нарыққа жеткілікті мөлшерде көкөніс өндіретін жылыжайлар құрылыстарын жүргізіп, оларды өндіріске қосу қажет.

Облыс көлемінде ірі индустриялық өндірістер жоқ, жергілікті халықтың негізінен агроөнеркәсіп өнімдерін өсірумен айналысады.

Мемлекеттен жылыжай өндірістеріне төмен 5 пайыздан аспайтын ұзақ несиелер мен гектарлық субсидиялар бөлініп нақты көмек көрсетілген жағдайда жаңа жылыжай өндірістері іске қосылады, көкөніс өнімдері көбейіп салауатты бәсекелестік пайда болады, ол нарықтық бағаның төмендеуіне алып келеді. Сонымен қатар жаңа еңбек орындары пайда болып жергілікті тұрғындар тұрақты жұмыспен қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ жылыжай қожалықтарында көмірді алдын ала сатып алуға қаражат жоқ, оны жеткілікті мөлшерде сақтайтын орын да жоқ. Осының бәрі жылыжай өндірістерін бәсекелестікке қабілетсіз етеді.

Құрметті Серік Мұқашұлы! Жоғарыда аталғандардың маңыздылығын ескеріп, Түркістан облысының зардап шеккен шаруашылықтарын қолдау бойынша Үкіметке жүйелі шараларды әзірлеп, 2023 жылғы көктемгі егіс жұмыстарын қаржыландыруға арналған республикалық бюджеттен мемлекет тарапынан шаруашылықтарға жылыжай өндірістерінің құрылыстарын жүргізуге төмен 5 пайыздан аспайтын ұзақ несиелер мен гектарлық субсидиялар бөлуге ықпал етуіңізді, сонымен қатар Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» мен өңір әкімдеріне әлеуметтік көмірмен жылыжай шаруашылықтарын алдын ала қамтамасыз ету мәселесін шешуді тапсыруды сұраймыз.

Құрметпен «AMANAT» партиясы фракциясының депутаты Қ. Балабиев, Ұ. Сәдібеков, Б. Нажметдинұлы, Т. Қырықбаев, Д. Исабеков».

ЕСПАЕВА Д.М. Рақмет.

Сөз депутат Исабеков Данабек Ержанұлына беріледі.

ИСАБЕКОВ Д.Е. Рақмет, құрметті Дания Мәдиқызы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Асханұлы Смайыловқа жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Біздің депутаттық сауалымызды көтеруге негіз болған мәселе халықтың құжат десе қомданып баратын, сұрақ десе сұрау сала жететін, мемлекеттің айнасы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің жай-күйі.

«AMANAT» партиясының «Халықпен бірге» атты сайлауалды бағдарламасында ең басты мәселелердің бірі – бақуатты өмір, лайықты жұмыс пен еңбек жағдайы, азаматтардың нақты табыстарын арттыру, ең төменгі жалақыны жыл сайын өсіріп отыру көзделген. Бұл біздің басты міндеттеріміздің бірі.

Қазақта «Әділ боламын десең әлді бол» деген сөзі бар. Ал базарының бағамы бұлғақтаған, заманының талабы тайғақтаған бүгінгі күні корпорация қызметкерлерінің табысы ел қатарлы өмір сүруге төтеп бере алмайды.

Мәселен, 2016 жылы 7 сәуірден бастап «Азаматтарға арналған үкімет» болып құрылғаннан бері мамандардың орташа жалақылары 150 мың теңгеден көтерілген жоқ.

Онда да бұл жалақыны маңғыстаулық пен атыраулық және басқа да аймақтардың қызметкерлері мәселе етіп көтерген соң ғана 50 пайызға көтерген еді. Бұлай бас көтермесе баяғы сол 80-100 мың теңге көлемінде қала берер ме еді?

Мұндай айлық қай жыртқыты жамасын? Бұл қаражатты неге жеткізуге болады? Коммуналдық төлемдерге ме, әлде азық-түлікке ме, балалардың киімі мен дамыту орталықтарына ма?

Жүктемесі мен жауапкершілігі дырдай, табысы жұрдай мамандарға жүктелген салмақ орасан.

Осы бір ойсырап тұрған мәселенің артында республика бойынша жұмыс жасайтын 20 мыңнан аса жұмыскердің отбасы тұрғанын ескеру керек.

Сонымен қатар корпорация жұмыскерлері мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы өзгерістердің драйвері, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асырудағы басты құралға айналғанын да ұмытпауымыз керек.

Мемлекеттік қызмет көрсете отырып, мемлекеттік қызметші немесе бюджет мекемесінің қызметкері болмағандықтан тұрғын үйге мұқтаж отбасы ретінде үйге кезекке де тұра алмайды, әлеуметтік пакеттер де қарастырылмаған.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Мемлекеттік корпорация жұмысшыларының жалақыларын көтеру және қызметкерлердің мәртебесін айқындау мәселесі Үкімет тарапынан тиісті назар аударуды және шешу жолдарын қарастырып, заңда көрсетілген мерзімде жауап берулеріңізді сұраймыз.

Құрметпен «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері». Рақмет.

ЕСПАЕВА Д.М. Рақмет.

Сөз депутат Такиев Мәди Төкешұлына беріледі.

ТАКИЕВ М.Т. Рақмет, құрметті Дания Мәдиқызы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Асханұлы Смайыловқа жолданады.

Сауалды қысқаша түрде баяндауға рұқсат етіңіздер, ал толық нұсқасы жазбаша түрде жіберіледі.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Мемлекет басшысы өз Жолдауында Үкімет алдына халықтың табысын арттыруды қамтамасыз ету және жалақыдағы теңгерімсіздікті жою жөнінде нақты міндет қойды. Алайда Үкімет қабылдаған шаралар формалды сипатқа ие және жүйелі түрде шешілмей отыр.

Мемлекеттік органдар үшін Президент ұсынған факторлық-балдық межені енгізу жөніндегі реформа бұрмаланды деуге болады. Осылайша жергілікті атқарушы органдар 2021 жылғы 1 шілдеден бастап, ал орталық органдар 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап үш жыл ішінде кезең-кезеңімен көшті.

Осыған қарамастан, ерекше жағдайлар орын алды. Бірнеше мемлекеттік орган факторлық-балдық межелікке кезеңдерден өтпей көшкен.

Сонымен қатар бүгінде құқық қорғау және әлеуметтік органдарда еңбекақы төлеу мәселелері реттелмеген.

Квазимемлекеттік секторда еңбекақы төлеу кез келген реттеуден тыс қалған, онда бірыңғай тәсілдер мүлдем жоқ.

Бүгінде бюджет қаражаты есебінен жұмыс істейтін ұйымдар «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның нормаларын басшылыққа ала отырып, еңбекақы төлеу мәселелерінде ірі экономикалық кәсіпорындарға бағдарлануда.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, «AMANAT» партиясының фракциясы Үкіметтің еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін құруда нақты жұмыстар жүргізуді және тиімді іс-шаралар қабылдауды талап етеді.

Бұл ретте барлық секторларда, мемлекеттік, азаматтық және квазимемлекеттік, сондай-ақ мемлекеттік билік тармақтары бойынша еңбекақы төлеуде өзара салыстыруды қамтамасыз ететін лауазымдардың ашық, түсінікті әрі әділ иерархиясы бар бірыңғай тізілім құрудан бастау қажет.

Мемлекеттік органдардың ақпараттық ресурстарын барынша жұмылдыру керек, сондай-ақ жұмыс кезеңдерінің толықтай ашық болуын пысықтап, оның нәтижелерін жұртшылыққа түсіндіру қажет.

Тұтастай алғанда, «AMANAT» партиясы фракциясының депутаттары аталған механизмдерді талқылауға, ұсыныстар әзірлеуге белсенді түрде қатысуға дайын.

Құрметпен «AMANAT» партиясы фракциясының депутаттары». Рақмет.

ЕСПАЕВА Д.М. Сөз депутат Баққожаев Анас Ахатұлына беріледі.

БАҚҚОЖАЕВ А.А. Рақмет, Дания Мәдиқызы.

«Ауыл» фракциясының депутаттық сауалы Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Күн сайын азық-түлік бағасы өсіп жатқан кезде ауыл шаруашылығының қаншалықты маңызды екенін өзіңіз сезінетін шығарсыз. Біз сондай ниеттеміз. Алайда Үкімет тарапынан осы агросалаға бөлінетін көңіл қазіргі заманның талабына сай емес. Неліктен? Біз айтып көрейік.

Бірінші. Еуразиялық одақ бойынша Қазақстанға серіктес мемлекеттер Ресей мен Белоруссияда ауыл шаруашылығын қолдау деңгейі Қазақстанға қарағанда кем дегенде төрт есе жоғары.

Онымен қоса күн сайын инфляция жоғары қарай жылжып бара жатыр. Осы тұрғыда субсидия мөлшеріне ешқандай индексация жасалмайды. Онымен қоса ауыл шаруашылығы өнімін өндіруде қажет заттар – техниканың, химияның, қосалқы бөлшектердің бағасы аспандап жатыр. Міне, осындай уақытта Ауыл шаруашылығы министрлігі, министрлік қана емес, осы агросалаға қатысты азаматтар, белсенді ұйымдар осы уақыт аралығында ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау мөлшерін жоғарылату бойынша бірнеше рет ұсыныстар жасаған. Бірақ осы ұсыныстар әлі де Үкімет тарапынан қабылданбай жатыр.

Екінші. Ауыл шаруашылығы саласында субсидиялау механизмдерінде ақаулардың бар екені жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің өзі айтқан болатын. Осыған сәйкес Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі тексеріс жүргізіп, шын мәнінде субсидиялаудың ішінде ақаулардың бар екенін дәлелдеп, том-томдап ескертпелер жазды.

Міне, осы жағдайда, бюджеттен бөлінетін қаражаттың шамалы, кішкентай болып тұрған жағдайда министрлік не істеуі керек? Әділдікті қамтамасыз етуі керек. Шын мәнінде кім мұқтаж, соларға бағытталуын қамтамасыз ету керек. Осы мақсатта министрлік тарапынан бірнеше механизмдер бойынша тың идеялар ұсынылды. Бірақ субсидияны өзінің табыс көзіне айналдырып алған кейбір лоббистердің кесірінен бұл жақсы, тұшымды ұсыныстардың быт-шыты шықты.

Біз осындай жағдайда «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасын есімізге түсіруіміз керек. Иә, қоғамдық пікірдің әртүрлі болғаны жақсы, біз оны қолдаймыз. Бірақ осындай маңызды сәтте қоғамдық ұйымдар, кім болсын, осы «Атамекеннің» ішінде осының барлығын пысықтап, бір ғана позицияны «Атамекен» арқылы ұсынуы тиіс деп есептейміз.

Қазіргі жағдайда әртүрлі лоббистердің кесірінен Ауыл шаруашылығы министрлігі өз көлеңкесінен өзі қорқатын жағдайға жетті.

Аграрлық салада реформалар керек. Ал бұл реформаларды жасау қорқақтың қолынан келетін іс емес.

Мүмкін, осы Ауыл шаруашылығы министрлігінің беделін көтеру керек шығар, статусын көтеру керек шығар. Мүмкін, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары деп қосымша лауазым беру керек шығар.

Осындай сәтте Үкімет министрлікті қолдаудың орнына дәрменсіздік танытып жатыр, біз оны барлығымыз көріп отырмыз.

Үшінші. Қазіргі таңда субсидиялау бағытында тәуелсіз сараптама жұмысы жүргізілмейді, өкінішке қарай. Өзіңіз есептеп қараңыз, Қазақстанның солтүстігінде оңтүстікке қарағанда өмір сүру өте қымбат. Қыс солтүстікте сегіз ай созылады.

Сонымен қатар Қазақстанның батысындағы өңірлерде құрғақшылыққа тәуекел өте жоғары. Осындай кезде шын мәнінде кім көбірек мұқтаж? Мүмкін, осы өңірлердің субсидиялау мөлшерлері жоғары болу керек пе? Қазіргі таңда экономикалық тиімділік, өзіндік құн, кім лайықты деген мәселелерде Үкімет тарапынан тәуелсіз сараптама, өкінішке қарай, жүргізілмейді.

Осының барлығын ескере отырып, «Ауыл» фракциясы сізге бірнеше сауалдарын дайындады. Біз қағаз жүзінде оларды жібереміз.

Ең негізгі сұрақ – Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығын қолдау мөлшері қашан Ресей мен Беларусьтің деңгейіне жеткізіледі? Осы бойынша жоспарыңызды, ойыңызды нақты айтсаңыз.

Құрметпен «Ауыл» фракциясының депутаттары».

ЕСПАЕВА Д.М. Рақмет.

Сөз депутат Пономарев Сергей Михайловичқа беріледі.

ПОНОМАРЕВ С.М. Рақмет, құрметті Дания Мәдиқызы.

Депутатский запрос адресован заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Склару.

«Уважаемый Роман Васильевич! Я журналист и привык начинать с главного. Мы хотим знать, какие богатства и в каком объеме добываются из недр Казахстана. Мы хотим знать, кто владелец, кто бенефициар месторождений и этого бизнеса в нашей стране.

Политическая платформа партии «АМАНАТ» ориентирована на справедливое распределение национального дохода – каждая капля нефти, каждый грамм руды, каждый сантиметр земли должны работать на благо наших граждан.

Значимая роль добывающей отрасли в экономике требует соответствующего надзора и прозрачности. С этой целью в 2005 году в стране начата реализация ИПДО (Инициатива Прозрачности Добывающих Отраслей) – мирового стандарта по обеспечению прозрачности доходов от нефте-, газо- и горнодобывающей промышленности. Она работает в десятках цивилизованных стран мира.

У нас для координации ИПДО действует Национальный совет заинтересованных сторон, в который входят центральные госорганы, депутаты Мажилиса, НПО, «KAZENERGY» и Ассоциация горно-металлургических предприятий.

На основании этого аудита Правительство обязано перераспределять доходы, в том числе для социальной сферы. Это особенно актуально в свете последних событий в Жанаозене, когда люди выходили с требованиями справедливого распределения доходов от нефтегазового сектора.

В той же Украине на отчет ИПДО выделили 50 тысяч долларов США из бюджета, причем сейчас, в период военных действий. У нас работа Национального совета не ведется с 2018 года. Какая-либо информация от курирующих госорганов не поступает, лишь НПО бьют тревогу с прошлого года.

По информации общественников Актюбинской области, в 2018 году компания «ERG» выделила «дочке» «Казхром» свыше 53 миллионов тенге на «благоустройство дворовой территории и строительство коммуникаций 90-квартирного жилого дома в микрорайоне «Батыс-2» в Актобе». Однако на деле никаких работ в этом районе не было произведено, деньги не выделялись. А сколько таких фактов мы можем узнать из ИПДО?!

На основании вышеизложенного предлагаем:

- 1) возобновить четырехстороннюю работу Правительства, НПО, Мажилиса и недропользователей, усилить контроль за предоставлением корректных отчетов по разведке и добыче в недрах Казахстана;
- 2) обеспечить достойное финансирование данного проекта для проведения исследований на высоком профессиональном уровне;
- 3) передать максимальной огласке предоставленную информацию, открыв всеобщий доступ к сведениям по доходам от нефте-, газо- и горнодобывающей отраслей промышленности.

С уважением, члены фракции партии «АМАНАТ» С. Пономарев, Е. Жаңбыршин, Б. Смагулов, А. Калыков».

ЕСПАЕВА Д.М. Рақмет.

Сөз депутат Ізмұхамбетов Бақтықожа Салахатдинұлына беріледі.

ІЗМҰХАМБЕТОВ Б.С. Рақмет.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне арналады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! «AMANAT» партиясының 2023 – 2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге» сайлауалды бағдарламасында айтылған партия атқаратын алдағы он міндеттің бірі – экология, таза су мәселесі.

Бүгінгі отырыста көтергім келіп отырған сауал дүниежүзіндегі ең үлкен проблемалардың біріне айналып бара жатқан қажетті су қорымен қамтамасыз етілу мәселесі болмақ.

Біздің елімізде Арал теңізінің апаты, Каспий теңізінің тартылуы, Балқаш көлінің азаюы, Жайық, Қиғаш, Сыр өзендерінің ортаюы жылдан-жылға қиындықтар туғызуда.

Мемлекет басшысы таяуда өткен еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселесі жөніндегі кеңейтілген кеңесте: «Мен су тапшылығының артып жатқанын ұдайы айтып жүрмін. Сарапшылардың пайымдауынша 2040 жылға қарай суға деген сұраныс 50 пайызға артады. Қазақстан 2050 жылға қарай суға өте мұқтаж елдердің санатына кіруі мүмкін», – деді.

Осыны ескеріп, келесідей депутаттық сауал ұсынамын.

Елдегі суармалы егістікке қолдануға келетін жер асты суларын барынша көбірек және міндетті түрде тамшылатып суаруды пайдалануға қалай қарайсыз?

Қазір жер асты суларын егістікке пайдалану жоқтың қасы, тамшылатып суару да кең жолға қойылмаған.

Жер асты суларын пайдалану егіс аймағын кеңейтуге, жер үсті судан алыс елді мекендерге егін егуге, газбен қамтылған ауылдарға жылыжаймен айналысуға мүмкіндік берер еді.

Жер асты суы жоқ жерлерде де мүмкіндігі бар жағдайда (күріш егінінен басқа) жер үсті суларымен тамшылатып суаруды қолдану судың шығынын бірнеше есе азайтады, өнім артады, әрі тыңайтқыш аз жұмсалады (дозаторлар арқылы), жердің тұзы шығып, сортаңдап тозбайды, адам күшін қолдану бірнеше есе азаяды, тамшылатып суару құралын өзіміздің Орал қаласындағы зауыттардан шығаруға болады.

Тамшылатып суаруға пайдаланатын шлангі ғана Израиль елінен алынады. Бүгінде республикамыздың барлық аймақтарындағы жер асты суларының картасын дайындадық, оны пайдалана аласыздар.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Еліміз Шу, Талас өзендері бойынша –Қырғызстаннан, Орал өзені бойынша – Ресейден, Іле, Ертіс өзендері бойынша – Қытайдан, Сырдария өзені бойынша – Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстаннан тәуелді.

Осы айтылғандарды ескеріп:

- 1) су дипломатиясын күшейтуіміз қажет;
- 2) бүгінгі белгілі жер асты суларының пайдалануға болатын қорының 88 пайызы (бұл 13,5 текше шақырым) тұщы су екенін ескеріп, жер асты суларын сақтау және оны тиімді пайдаланудың барлық жолдарын қарастырған дұрыс;
- 3) су үнемдеу технологияларын пайдалануды (тамшылатып суару, шашырату) мүмкіндігі бар жерде міндетті түрде енгізуді қолға алу керек.

Жауапты заңға сәйкес жазбаша хабарлауыңызды сұраймын.

Құрметпен «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі депутат Б. Ізмұхамбетов». Рақмет.

ЕСПАЕВА Д.М. Рақмет.

Сөз Әуесбаев Нұрлан Сатыбалдыұлына беріледі.

ӘУЕСБАЕВ Н.С. Рақмет.

Депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайыловқа.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Бұл депутаттық сауалым қазақстандықтардың Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жағдайына байланысты туындап отыр.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры жариялаған мәліметтеріне сәйкес қазақстандықтардың зейнетақы жинақтары бір жыл ішінде 1,54 триллион теңгеге, яғни 11 пайызға өсті. Ай сайын 2 миллионнан астам қазақстандық зейнеткерлер төлемдермен қамтамасыз етілуде. Қазір жиынтық зейнетақының орташа мөлшері 120 мың 798 теңгені құрап отыр.

Екі айда кірістілік көрсеткіші 3,2 пайызды құрады. Бұл ретте Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес инфляция деңгейі 18,1 пайызға, ал азық-түлік тауарларының бағасы бір жылда 20,5 пайызға, азық-түлік емес тауарлар 18,1 пайызға және ақылы қызметтер 14,4 пайызға өсті.

Егер бұл көрсеткіштерді инфляция деңгейіне индексация жасасақ, онда ешқандай табыс жоқ екенін байқаймыз.

Заңнама алушыларға зейнетақы жасына жеткен кездегі инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген жарналар мөлшерінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында зейнетақы жарналарының сақталуын қамтамасыз ететініне мемлекет кепілдік береді.

Сонымен қатар егер Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры міндеттемелерін орындамаса, онда мемлекет өз бюджетінен өтейді. Бірақ бұл өтемақы мөлшері өте үлкен болуы мүмкін және елдің бюджеті оны игере алмауы тәуекелі бар.

Бүгінгі таңда Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының салымшылары 11 миллионнан астам қазақстандық болып табылады және дәл осы себепті қор салымшылар алдындағы өз міндеттемелерін орындауды жалғастыруда.

Біздің ойымызша, әрбір қазақстандық қарттық жасқа келгенде лайықты зейнетақымен қамтамасыз етілуі керек.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Зейнетақы жинақтарының жай-күйі қандай? Кірістер мен инфляция арасындағы айырмашылықты азайту үшін Үкімет қандай шаралар қолдануда?

Құрметпен Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы фракциясының депутаттары Н. Әуесбаев, А. Рақымжанов, А. Сағандықова, Н. Сайлаубай». Рақмет.

ЕСПАЕВА Д.М. Сөз депутат Құспан Абзал Темірғалиұлына беріледі.

ҚҰСПАН А.Т. Рақмет.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Алтай Сейдірұлы Көлгіновке бағытталады.

Депутаттық сауалымның тақырыбы мәдениет саласына қатысты.

«Бәсекеге қабілетті мемлекет дегеніміз тек экономикалық даму көрсеткіштерінен тұрмайды, ол сонымен қатар, мүмкін, тіпті бірінші кезекте бәсекеге қабілетті мәдениетті қалыптастырудан, өз мәдени жетістіктерін әлемге таныта алудан тұрады деп есептеймін. Сол себепті де кез келген мемлекет, әсіресе дамыған мемлекеттер бірінші кезекте өз елінің ұлттық мәдениетін, өнерін, әдебиетін қызғыштай қорғайтыны заңдылық болса керек.

Мен өз тарапымнан Мәдениет және спорт министрлігімен күні кеше қабылданған Қазақстан Республикасы мәдениет саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы мен Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңын зерделеп шығып, мынадай қорытындыға келіп отырмын.

Қазақстан Республикасының заң актілерінде қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті мен ұлттық өнері туралы концептуалды дүниелер көрініс таппаған және таяу болашақта оларды насихаттау, дамыту шаралары мүлдем қарастырылмаған.

Сөзім дәлелді болу үшін және регламентке сыю мақсатында тезисті түрде бірнеше мысал келтіре кетейін.

Домбырада күй орындау мен айтыс өнері ЮНЕСКО-ның шешімімен бейматериалдық мұралар тізіміне енгізілген. Алайда ЮНЕСКО тізіміне енген екі өнер саласына қатысты жоғарыда айтылған 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдама мен «Мәдениет туралы» Заңымызда бірде-бір норма жоқ. Есесіне «Мәдениет туралы» Заңымызда балет бишілері, олардың айрықша статусы туралы жазылса, тұжырымдамада мектеп жасындағы балаларды балет пен операға апару арқылы олардан мәдениетті тұлға қалыптастыру көзделген.

2022 жылы Қазақстанда Оқушының мәдени нормативі деген аталатын құжат қабылданған екен. Сол жерде осылай сөзбе-сөз жазулы тұр.

Және бір мысал. Бізде жырдың ондаған түрі бар, өңірлерге байланысты бірнешеге бөлінеді, олардың ішінде көне заманнан келе жатқан жырлардың жөні бөлек.

Көршілес қырғыз елінде «Манас эпосы» туралы арнайы өз алдына бөлек заң бар. Ал әзербайжан бауырларымыз әзербайжан халқының фольклорын қорғау туралы, әзербайжан халқының кілем тоқу өнерін қорғау және дамыту туралы заңдар қабылдап тастаса, біздің заңнамада жыр, жырау, жыршылар туралы, жалпы, қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті мен өнеріне қатысты бір ауыз сөз жоқ.

XX ғасырда қазақ халқының мәдени жүйесіне үш түрлі мәдениет, яғни дәстүрлі, отаршыл, батыстық мәдениет әсер еткені тарихтан белгілі. Үлкен өкінішке қарай, Батыс мәдениетіне еліктеу, сол жолда өз дәстүрлі мәдениетінен жеріну әлі күнге жалғасын табуда.

Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, Еуропа елдерінің одағы тек қана өздерінің ұлттық мәдени мұраларын сақтау әрі дамыту бағытында 400-ден астам құқықтық және нормативтік актілер қабылдаған екен. Неге біз Еуропаның басқа нормаларын қабылдағанда, осындай игілікті жағын қабылдамаймыз?

Мәдениет саласындағы заңнаманың кемшілігін айта берсек, көп уақыт алады. Мен тек қана өнердің бір саласы – театрларға қатысты бөлігіне тоқталсам.

Республикалық театрлардың жағдайын зерделеп шыққанда байқағаным мынау болды. Бұл жерде де сөзден нақты сандарға көшпес бұрын, мәдениет саласының шенеуніктері қалыптастырған өнерге қатысты екі ұғымға түсінік бере кетейін. Олар

дәстүрлі және классикалық өнер туындылары деп аталады. Бейресми түрде болса да санамызға әбден сіңіп қалған екі терминге сәйкес «дәстүрлі» деп қазақ халқының ұлттық өнерін немесе басқа халықтардың ұлттық өнерін, ал «классикалық» деп әдетте Батыс елдерінің өнер туындыларын түсінетін болдық.

Өзіңізге белгілі, Мәжіліс мерзімінен бұрын таратылып, сайлау жүріп жатқан кезеңде еліміздің үш жылдық бюджеті бекітіліп кетті. Қазір сол құжатты зерделеп шыққанда анықтағаным мынау болды.

Республикалық театрларға 2023 жылы қаражат бөлінуіне назар аударайық.

Астана қаласында орналасқан «Астана Опера» театры мен «Астана Балет» театрына бөлінген қаржыға қалған қазақ, орыс, ұйғыр, неміс ұлттық театрларының барлығына бөлінген қаражатты түгел қоссақ та жетпейді. Неге? Өйткені алдыңғы екеуі классикалық, яғни Батыс өнеріне жатса, қалғандары, соның ішінде қазақ театрлары ұлттық дәстүрлі өнер қатарына жатады.

Мысалы, «Астана Опера» театрының биылғы жылдық бюджеті 5 миллиард 578 миллион 541 мың теңгені құраса, 4 миллиардтан астам бюджеті бар «Астана Балет» театрына қатысты жағдай тіптен қызық, мемлекет өз есебінен салып берген ғимаратты өзі жалға алуға мәжбүр болып отыр. Ол үшін жылына бюджеттен 1 миллиард 292 миллионнан астам қаражат қарастырылған.

Классикалық театр мен қазақ театры қызметкерлерінің алатын жалақысына дейін едәуір айырмашылық бар. Оған негіз – «Астана Балет» те, «Астана Опера» да Үкімет қаулысымен коммерциялық емес акционерлік қоғам болып құрылған. Сол арқылы қызметкерлеріне өз қаулылары бойынша әрбір әртіске жеке көтеріңкі жалақы төлеуге мүмкіндіктері бар. Ал іргетасы сонау 1926 жылы қаланған Мұхтар Әуезов атындағы академиялық театрдан бастап қалған театрларда ондай мүмкіндік жоқ, себебі оларда коммерциялық емес акционерлік қоғам деген статус жоқ.

Сыртқы елдерге гастрольдық сапарлар мәселесінде дәстүрлі өнер иелері емес, классикалық, яғни жоғарыда атап өткенімдей, Батыс мәдениетіне жататын мәдениет өкілдеріне басымдық беріледі. Мысалы, Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрына 2023 жылға гастрольдық іссапарларға бөлінген қаражат 67 миллион теңгені құраса, Ғабит Мүсірепов атындағы Балалар мен жасөспірімдер театрына – 28 миллион, Қалыбек Қуанышбаев атындағы театрға – 11 миллион, ал «Астана Балетке» мемлекеттік тапсырыс аясында – 1 миллиард 218 миллион 176 мың 776 теңге қарастырылған. Көріп отырғанымыздай, айырмашылық 20 есе, яғни аспан мен жердей.

Уақыт тапшылығына байланысты облыстық деңгейдегі театрлар мен мәдениетіміздің басқа салаларына қатысты мысалдарға тоқталмай-ақ қояйын.

Осы мысалдардан көріп отырғанымыздай, дәстүрлі мәдениетіміз заң жүзінде де, іс жүзінде қорғалмаған деп айтуға толық негіз бар.

Осыған байланысты сұрақ туындайды. Қазақ ұлтының мәдениеті қашанғы өз елінде, өз жерінде, өз мемлекетінде өгейдің күйін кеше бермек?

Құрметті Алтай Сейдірұлы! Менің бұл жерде бюджеттен жаңадан қаражат бөлдіру мәселесін емес, мемлекеттік бюджетте қарастырылған қаражаттың әділ бөлінуі туралы мәселе көтеріп отырғанымды дұрыс түсініп, қабылдауыңызды сұраймын.

Осыған байланысты ұсыныстарым.

Қазақстан Республикасы Мәдени саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын қайта қарастыру керек. Егер қазақ мәдениетін дамыту мәселесі бойынша ұзақ жылдарға негізделген ұлттық концепция жасақтар болсақ, тиісті заңнаманы да сол концепцияға сай қабылдатып, қалыптасқан келеңсіз тәжірибені де өзгертуге жол ашылған болар еді. Бірақ ол мәселе тек министрлік шенеуніктері тарапынан емес, міндетті түрде еліміздің мәдениеттану саласына қатысы бар ғалымдарымыздың қатысуымен қаралса деген нақты ұсынысым бар.

Әрине, мәселе өте ауқымды әрі күрделі болғандықтан бұл бір депутаттық сауал және оған жауаппен шешіле салмас. Сондықтан осы мәселе бойынша елімізге белгілі мәдениет, әдебиет, өнер қайраткерлері мен ғалымдарымыздың қатысуымен кеңес өткізіп барып, түпкілікті шешім қабылдау қажет деп есептеймін.

Сауалға Қ. Иса, Е. Бапи, Р. Зайытов, А. Әлтай, Ж. Әшімжан, Н. Сәрсенғалиев, С. Нұртаза, Е. Саиров қолдау білдірді. Және басқа да қазақ мәдениетіне бейжай қарамайтын әріптестерім қолдайды деп сенемін. Рақмет.

ЕСПАЕВА Д.М. Құрметті әріптестер, Регламент бойынша депутаттық сауалға 5 минутқа шейін уақыт беріледі. Регламентті сақтайық.

Құрметті әріптестер, осымен депутаттық сауалдар аяқталды. Мәжілістің жалпы отырысын жабық деп жариялаймын. Рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
МӘЖІЛІСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

Е. ҚОШАНОВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ЖАЛПЫ ОТЫРЫСЫ
2023 жылғы 26 сәуір

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

«Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде кредиттік тарихтың құрамына кіретін мәліметтер алмасу тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения о порядке обмена сведениями, входящими в состав кредитных историй, в рамках Евразийского экономического союза»

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрайымы М.Е. ӘБІЛҚАСЫМОВАНЫҢ баяндамасы

Доклад председателя Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка АБЫЛҚАСЫМОВОЙ М.Е. 1

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

СҮЛЕЙМЕНОВА Ж.Д. 3

НҰРТАЗА С.Р. 3

ТАКИЕВ М.Т. 4

СӘДЕНОВ Е.С. – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары, заместитель Министра внутренних дел Республики Казахстан 6

САБИЛЬЯНОВ Н.С. 7

БЕЙСЕНБАЕВ Е.А. 9

ДАЙРАБАЕВ Ж.М. 9

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Б.Т. БЕЙСЕНҒАЛИЕВТІҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по финансам и бюджету БЕЙСЕНҒАЛИЕВА Б.Т. 10

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ИСАБЕКОВ Д.Е. 10

«Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы институтын құру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения об учреждении Института Центрально-Азиатского регионального экономического сотрудничества»

**Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі
Ә.С. ҚУАНТЫРОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад Министра национальной экономики Республики Казахстан
КУАНТЫРОВА А.С. 11

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

БЕЙСЕНҒАЛИЕВ Б.Т. 13

ПОНОМАРЕВ С.М. 13

ӘБЕНОВ М.А. 14

НАЖМЕТДИНҰЛЫ Б. 15

**Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі
М.З. ЕСКЕНДІРОВТЫҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад члена Комитета по экономической реформе и региональному развитию ИСКАНДИРОВА М.З. 16

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ШАТАЛОВ Н.С. 17

«Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Факультативного протокола к Конвенции о правах инвалидов»

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Т.Б. ДҮЙСЕНОВАНЫҢ баяндамасы

Доклад Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан ДҮЙСЕНОВОЙ Т.Б. 17

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

БАШИМОВ М.С. 19

ӘБЕНОВ М.А. 20

ШАТАЛОВ Н.С. 20

ҚОНЫСПАЕВ Е.Б. – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары, заместитель Министра иностранных дел Республики Казахстан 21

ТАУ Н. 21

СЕЙТЖАН К.С. 22

ЗАЙЫТОВ Р.Р. 22

САУРЫҚОВ Е.Б. 23

Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі Е.С. БЕЙСЕНБАЕВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по социально-культурному развитию БЕЙСЕНБАЕВ Е.С. 24

Сөз сөйлеген:

Выступил:

СЕРІКОВ Т.Ғ. 25

Депутат Е.Б. САИРОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата САИРОВА Е.Б. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 25

Депутат Е.Т. ЖАНБЫРШИННІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЖАНБЫРШИНА Е.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 27

Депутат Е.С. БЕЙСЕНБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы Ә.А. Ерғалиевке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата БЕЙСЕНБАЕВА Е.С. к председателю Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан Иргалиеву А.А. 28

Депутат И.Е. СҰҢҚАРДЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Көлгіновке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата СҰҢҚАРА И.Е. к заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Кульгинову А.С. 29

Депутат Е.С. БАПИДІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Б.Н. Асылыовқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата БАПИ Е.С. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А., Генеральному Прокурору Республики Казахстан Асылыову Б.Н. 30

Депутат И.В. СМІРНОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата СМІРНОВОЙ И.В. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 32

Депутат Е.А. БЕЙСЕНБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Е.К. Жамаубаевқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата БЕЙСЕНБАЕВА Е.А. к заместителю Премьер-Министра – Министру финансов Республики Казахстан Жамаубаеву Е.К.33

Депутат Е.Х. БАРЛЫБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрі С.М. Жұманғаринге депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата БАРЛЫБАЕВА Е.Х. к заместителю Премьер-Министра – Министру торговли и интеграции Республики Казахстан Жумангарину С.М.34

Депутат Ж.Д. СҮЛЕЙМЕНОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата СУЛЕЙМеновой Ж.Д. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.35

Депутат Д.Р. НАУМОВАНЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Көлгіновке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата НАУМОВОЙ Д.Р. к заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Кульгинову А.С.36

Депутат Е.Д. СТАМБЕКОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Б.Н. Асылыққа, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк Төрағасы Ғ.О. Пірматовқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата СТАМБЕКОВА Е.Д. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А., Генеральному Прокурору Республики Казахстан Асылықу Б.Н., Председателю Национального Банка Республики Казахстан Пирматову Ғ.О.37

Депутат А.Б. САҒЫНДЫҚОВАНЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Көлгіновке, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Ғ.Б. Бейсембаевқа, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі А. Гиниятқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата САҒЫНДЫКОВОЙ А.Б. к заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Кульгинову А.С., Министру просвещения Республики Казахстан Бейсембаеву Ғ.Б., Министру здравоохранения Республики Казахстан Гиният А.39

Депутат А.Қ. ҚАЛЫҚОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата КАЛЫКОВА А.К. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.	40
--	----

Депутат К.С. СЕЙТЖАННЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата СЕЙТЖАНА К.С. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.	41
--	----

Депутат Қ.Ж. ИСАННЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Көлгіновке, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі А.Р. Ораловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ИСЫ К.Ж. к заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Кульгинову А.С., Министру культуры и спорта Республики Казахстан Оралову А.Р.	42
---	----

Депутат Т.Ғ. СЕРІКОВТІҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Көлгіновке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата СЕРИКОВА Т.Г. к заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Кульгинову А.С.	44
--	----

Депутат Қ.Р. БАЛАБИЕВТІҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрі С.М. Жұманғаринге депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата БАЛАБИЕВА К.Р. к заместителю Премьер-Министра – Министру торговли и интеграции Республики Казахстан Жумангарину С.М.	45
---	----

Депутат Д.Е. ИСАБЕКОВТІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ИСАБЕКОВА Д.Е. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.	46
---	----

Депутат М.Т. ТАКИЕВТІҢ Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ТАКИЕВА М.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.	47
---	----

Депутат А.А. БАҚҚОЖАЕВТЫҢ Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата БАҚҚОЖАЕВА А.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.	48
--	----

Депутат С.М. ПОНОМАРЕВТЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Р.В. Складовқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ПОНОМАРЕВА С.М. к Первому заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Складову Р.В.49

Депутат Б.С. ИЗМУХАМБЕТОВТЫҢ Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смаиловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ИЗМУХАМБЕТОВА Б.С. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.50

Депутат Н.С. ӘУЕСБАЕВТЫҢ Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смаиловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата АУЕСБАЕВА Н.С. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.52

Депутат А.Т. ҚҰСПАННЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Көлімовке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ҚҰСПАНА А.Т к заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Кулимову А.С.52

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы» РМК директоры

А. ӘЛИЕВ

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы» РМК
Стенографиялау қызметінің басшысы

Г. МОЛДАШЕВА